

ПРЕЗИДЕНТ ХАЛЫҚҚА ЖАҚЫНДАЙ ТҮСТІ

2-бет



ЕЛОРДАДА ЖЕР ТЕЛІМДЕРІ ТЕКСЕРІЛЕДІ

2-бет



«КАЗАХСТАН – ЭТО НЕВЕРОЯТНО КРАСИВО» – ИНОСТРАНЦЫ ОБ ОТДЫХЕ В РК

12-бет


# ҚАЗАҚ ҮНІ
QAZAQ ÚNI

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АПТАЛЫҚ

www. qazaquni. kz || qazaquni2000@gmail. com || 2000 jylǵy 11 tamyzdan shyǵa bastady || №29 (847), 22 shilde, 2019




## «МЫҢНЫҢ ІШІНДЕГІ АСЫЛ ЕДІ»

*ақын Жұбан Молдағалиев туралы сөз*

– Жо-жоқ. Жұбан ағаң поэзия мен үйден басқаға бұрылмаған адам. Мен оны солай түсіндім, солай қабылдадым. Жүрегім оның кәмілдігіне шәк келтірмейді. Бұлай үзілді-кесілді жауап беруімнің сыры бар.

8-9 бет

# ҰЛТТЫҚ КЕҢЕС – ҰЛТТЫҢ ҮНІ БОЛУЫ ТИІС!



## «БҰЛ ӘН – БҰРЫНҒЫ ӘННЕН ӨЗГЕРЕК!»

Біріншіден, Ұлттық Кеңес төрағасы -Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың өзі. Мемлекет басшысы мемлекеттік саясат талқыланатын кеңеске өзі басшылық жасаған соң Ұлттық Кеңестің рөлі мен мәртебесі биік болуы тиіс! Әрі Ұлттық Кеңес құру жолдан қосылған жоба емес – Қазақстан Президентінің сайлауалды бағдарламасында бар, Ұлықтау рәсімінде баса айтылған басты мәселелердің бірі болды. Енді міне, сәтін салып, іске асырылуда.

3 бет



# ҚАУІПТІ АЙМАҚТАРДАҒЫ ҚАУІПТІ ӘКІМДЕР

## ҚАЗАҚ ЕЛІ ОСЫДАН 28 ЖЫЛ БҰРЫН ТӘУЕЛСІЗДІК АЛҒАНЫН БІЛЕ МЕ ЕКЕН?!.

3 бет



## ТҮРМЕДЕН ХАТ: ӘБІШЕВ ЕРКІНДІКТЕ БОЛСА, МИЛЛИОНДАҒАН АДАМҒА ПАЙДАСЫ ТИЕДІ

...Қадыржан түрме ішінде Су ресурстары комитетінің экс-төрағасы Ислам Әбішевпен танысқаны туралы жазып, ол туралы өзінің көзқарасын ашық айтыпты. Біз, әр Қазақстан азаматы өз көзқарасын білдіре алатын еркін пікірталас алаңы ретінде, Қадыржанның хатын поштамызға келген күйінде жариялауды жөн көрдік.

6 бет

# ПОКА ПРЕЗИДЕНТ НЕ СКАЖЕТ, НЕ БУДЕТ БОРЬБЫ С «СИНТЕТИКАМИ»?!



«Достать и купить наркотики стало легче. Любой подросток может это сделать через Интернет. В каждом спальном районе можно найти завуалированную рекламу наркотиков. Так называемые ссылки на специальные сайты, QR-коды с выходом в целые интернет-магазины можно найти на стенах домов и заборов наших городов», – заявил президент Касым-Жомарт Токаев 17 апреля на совещании с руководящим составом МВД.

10 бет

050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, К. Сейітов көшесі, 11 үй. Байланыс телефоны: 8(727)398-57-31 Жазылу индексі – 65380

# ПРЕЗИДЕНТ ХАЛЫҚҚА ЖАҚЫНДАЙ ТҮСТІ

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев күрделі мәселелерін айтқысы келетін жандарға маңызды мәлімдеме жасады. Бұл туралы ол өзінің Instagram парақшасы арқылы хабарлады.**



«Құрметті оқырмандарым! Менің парақшама мыңдаған оқырман пікірлерін жазып, сауалдарын жолдап жатады. Олардың ішінде жүйелі түрде жұмыс істеуді қажет ететін күрделі мәселелер де бар. Әркім өз сұрағына жауап алып, пікірінің ескерілгенін қалайды. Алайда, барлық өтініштерге осы парақша арқылы жауап беру мүмкін емес екенін өздеріңіз де жақсы түсінесіздер.

Қоғаммен пікір алмасуды жолға қою, әрбір азаматтың сұрауын қанағаттандыру, мұқтаж жандарға дер кезінде көмек көрсету мақсатында www.akorda.kz сайтында менің Виртуалды қабылдауым ашылды. Қазірдің өзінде қабылдауға көптеген хаттар келіп түсуде. Республика азаматтарының жеке немесе қоғамдық сипаттағы түрлі мәселелері бойынша өтініштері қаралады. Әр хат ресми тіркеледі, оны өзім де қараймын және Әкімшілік қызметкерлері де қарастырады. Бұл – еліміздің әрбір азаматы ресми түрде сұрау салуға мүмкіндік беретін, заңды күші бар виртуалды қабылдау», – деп жазды Тоқаев. Енді қарапайым адамдар осы сайт арқылы Мемлекет басшысына арыз-тілектерін тікелей жеткізе алады. Демек Президент халыққа жақындай түсті деуге болады.

# САЛЫҚ РАҚЫМШЫЛЫҒЫ БАСТАЛДЫ

**Елімізде жеке тұлғаларға салық жөнінен рақымшылық жүргізуді көздейтін заң күшіне енді. Жаңа заң бойынша салығын уақытылы төлей алмаған 1 миллион 400 мың адамның өсімпұлы кешірілмек.**



Бұл заңға Мемлекет басшысы 4 шілдеде қол қойған болатын. Соған байланысты, биыл жыл соңына дейін әрбір азамат салық өсімпұлдарын сыздыра алады. Биылғы 1-қаңтардағы жағдай бойынша, сол бір жарым милионға жуық азаматтың шамамен 21 миллиард теңге салықтық берешегі бар екен. Оның ішінде 14 миллиард теңгеден астамы негізгі борыш болса, өсімпұлдары – 6 миллиард 600 миллион теңгені құраған. Салықтық қарызы бар азаматтардың саны жөнінен Шымкент қаласы көш бастап тұр. Ал қарыздар көлемі бойынша Алматы қаласы топ басында. Алматылықтар мемлекетке 5 жарым миллиард теңге берешек болып шықты. Азаматтардың өсімпұлын өшірумен мемлекеттік кірістер комитетінің аумақтық органдарында арнайы комиссиялар айналыспақ. Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің ресми өкілі Әлібек Әбділовтың айтуынша, негізгі сома төленіп болғаннан кейін үш күннің ішінде жеке тұлғалардың өсімпұлдарын алып тастайтын болады. Егер де, жеке азамат өзінің негізгі салығымен қоса, өсімпұлдарын да төлеп қойған болса, өсімпұл қайтарылады.

# ҮЛЕСКЕРЛЕР МӘСЕЛЕСІ УШЫҒЫП ТҰР

**Елордада үлескерлер мәселесі әлі шешілмей жатыр. Олардың ақшасына салынып, бірақ құрылысы тоқтап қалған үйлердің саны бойынша еліміздің бас қаласы көш бастап тұр. Баспанасына жылдап қол жеткізе алмай жүрген отбасылар саны он мыңнан асады.**

Құрылыс және тұрғынүй-коммуналдық шаруашылығы комитеті төрағасының орынбасары Бақытжан Қашақовтың мәлімдеуінше, қазіргі уақытта елордада 51 проблемалық нысан бар. Оның 12-сіне ел қоныстанып, пайдалануға беру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Тағы шешімі қиындаған 39 нысан бар. Олардың мәселесін шешу үшін мемлекет 40 миллиард теңге қарастырып отыр. Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы комитетінің мәліметінше, үлестік құрылыс жалпы тұрғын үй құрылысының 60 пайызын құрайды. Мемлекет енді солардың ішіндегі жұртты алдап кетуі мүмкін деген құрылыс компанияларын анықтауға кіріскен. Оларға хат жолдап, ай сайын сараптама өткізіп отырмақ. Қазіргі уақытта күдікке ілінген 14 құрылыс нысанына құжаттарын сұрап, хат жолданған. Бірақ жауап жоқ. Ал жалпы ел аумағында 218 нысан бойынша компаниялар үлестік құрылыс салуға рұқсат алыпты.



# ҚЫЛМЫСТЫҚ ТОП ҚҰРҒАН ПОЛИЦЕЙЛЕР СОТТАЛДЫ

**Ақмола облыстық соты қылмыстық топ құрып, оған басшылық еткен және үздіксіз пара алып келген Степногор қалалық полиция басқармасы бастығының орынбасарынан бастап 4 бірдей жоғары шенді тәртіп сақшысына үкім шығарды.**

Олар әртүрлі мерзімге бас бостандықтарынан айырылды. Ғалым Қайшыбеков, Ақмола облыстық сотының судьясы: – Дүйсенбаев Тоқмырза Дүйсенбайұлы ҚР Қылмыстық Кодексі 262-бабының 3-бөлігі, 366-бабының 4-бөлігі бойынша кінәлі деп танылып, 11 жылға бас бостандығынан айырылды. Степногор полиция басқармасы бастығының орынбасарынан басқа Ақсу, Бестөбе полиция бөлімдерінің бастықтары және екі жедел уәкілге 8 жылдан 10 жылға дейін жаза кесілді. Сондай-ақ, олар өмір бойына мемлекеттік мекемеде қызмет істеу құқығынан және шендерінен айырылды. Естеріңізде болса, полицейлерден құрылған қылмыстық топ өткен жылдың наурыз айында қолға түскен болатын. Лауазымды қызметтегі құқық қорғау органының өкілдері «Қазақалтынның» кеніштерінде алтын құрамды кеннің заңсыз айналымын ұйымдастырып, оңай олжаға кенелген. Олардың үйлерін тексерген кезде аммонит жарылғыш заты, детонаторлар және де үлкен мөлшерде ақша табылған. Полицейлер жазаларын қауіпсіздігі барынша жоғары мекемеде өтейтін болды.

# РЕКТОРЛАР КОНКУРС АРҚЫЛЫ ТАҒАЙЫНДАЛАДЫ

**Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов ұлттық университеттердің басшылары байқау негізінде тағайындалатынын мәлімдеді. Министрдің айтуынша, бұл шешім ректорлар арасындағы бәсекелестікті арттырмақ.**



Асхат Аймағамбетов, Білім және Ғылым министрі: – Ұлттық университеттердің ректорлары жаңа талаппен тағайындалады. Жаңа механизм біріншіден, конкурс арқылы бекітіледі. Екіншіден, ол Үкімет қаулысы арқылы болады. Жалпы, бұл бәсекелестікті арттыратын болады. Біз құжаттарды дайындаймыз. Айта кетейік, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық университет ректорларын Президент жарлығымен тағайындау жүйесі күшін жойғанын мәлімдеп, твиттер парақшасында Білім және Ғылым министріне тапсырма берген еді. Енді мемлекеттік жоғарғы оқу орындарының басшылары байқауға қатысып, білімі мен біліктілігін ұштастыра алған ректор Үкімет қаулысымен бекітіледі. Алдағы уақытта құзырлы министрлік бағдарламаны дайындап, конкурстың қалай өтетінін жарияламақ. Оған ректор болуға ниетті адамның білім саласындағы тәжірибесі мен жасы да басты негізге алынбақшы.

# ЕЛОРДАДА ЖЕР ТЕЛІМДЕРІ ТЕКСЕРІЛЕДІ

**Елордада барлық жерлерге оларды пайдаланудың заңдылығы мен тиімділігіне тексеру жүргізілетін болады. Бұл туралы қала әкімі Алтай Көлгінов Үкіметтің кеңейтілген отырысының қорытындысы бойынша қала активімен кездесуінде мәлімдеді.**



Әкімнің айтуынша, жер – өндірістің басты факторы. Осыған байланысты, жер ресурстарын тиімді пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында қаланың барлық жерлеріне тексеру жүргізу, нақты жағдайды белгілеу және анықталған проблемалық мәселелерді шешу жөнінде ұсыныстар енгізу тапсырылды.

«Жерді тексеру аясында, кемшіліктер анықталуына қарай, барлық пайдаланылмайтын жер учаскелері бойынша, соның ішінде ұзаққа созылған құрылыстар және заңсыз құрылыс фактілері бойынша, сондай-ақ, мақсатты пайдаланылмайтын учаскелер бойынша қажетті шаралар қабылдау керек», – деп атап өтті әкім.

Әкім инвесторларды тарту бойынша жұмысты жандандыру, сондай-ақ іске асырылып жатқан ірі жобаларды табысты аяқтау үшін жағдай жасау қажеттігін ерекше атап өтті. Осыған байланысты, мақұлданған инвестициялық жобалар, шетелдік инвесторлар үшін жер және қажетті инфрақұрылым бойынша мәселелерді бақылауға алу, сондай-ақ, «Әбу Даби Плаза» жобасы бойынша инфрақұрылымның проблемалық мәселелерін шешу тапсырылды.

# БЕЛГІЛІ АҚЫН ҚАЗЫБЕК ИСА ҰЛТТЫҚ КЕҢЕСТІҢ МҮШЕСІ АТАНДЫ

**Белгілі ақын, «Ақ жол» партиясы төрағасының орынбасары, «Қазақ үні» холдингінің президенті Қазыбек Иса Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің мүшесі болды.**



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің құрамын бекіту туралы Қаулыға қол қойды. Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады. Ұлттық кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады, – делінген Қаулыда.

Атап өту керек, Ұлттық кеңестің төрағасы ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев, төраға орынбасары ҚР Президенті Әкімшілігінің Басшысы Қырымбек Көшербаев, кеңес хатшысы болып Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Ерлан Қарин тағайындалды.

Сонымен қатар, Ұлттық кеңеске «Ақ жол» партиясы атынан Мәжіліс депутаты Дания Еспаева да мүше атанды.



# ҚАУІПТІ АЙМАҚТАРДАҒЫ ҚАУІПТІ ӘКІМДЕР

## ҚАЗАҚ ЕЛІ ОСЫДАН 28 ЖЫЛ БҰРЫН ТӘУЕЛСІЗДІК АЛҒАНЫН БІЛЕ МЕ ЕКЕН?!.

**Белгілі ұлт зиялысы, «Тіл жанашыры» Құрмет белгісінің иегері Мұқамбедия Төре ағамыз кешегі Қазақстан Президенті Қ.Тоқаевтың қатысуымен өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысынан бір «қызық» сурет жариялады. Бұнда Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Құмар Ақсақалов пен Павлодар облысының әкімі Болат Бақауов Тоқаевтың сөзін синхронды аударма... арқылы тыңдап отыр...**
**Мейлі, бұл әкімдер ілеспе аударма арқылы қай ТІЛДІ тыңдап отырғандарын өздері білер. Бірақ, басқа-басқа, дәл осы екі әкімнің қазақшаны қатырмайтыны елге белгілі.**

Иә, кезінде Солтүстік Қазақстан облысы әкімі Құмар Ақсақаловтың қазақ тілінде қойылған сұраққа жауап бере алмай, Ресей тілінде сөйлегені баспасөзде жазылған болатын.

Бұл суретті керекулік белгілі ақын Арман Қани да салып, әкімдері туралы жазба жариялапты. «Біздің





бастық, Болат Бақауовты айтам, салтанатты жиындарда баспасөз қызметі дайындап берген бір беттік қазақша мәтінді бірінші сыныптың оқушысындай ежелеп оқып бере алады. Тек кейбір сөздерді дұрыс дыбыстай алмай, бұзып-жарып айтады. Сонысы қиындау...» – деп, әкімдерінің мемлекеттік тілге шорқақ екенін жазыпты ақын ағамыз.

Иә, әкімі ұлтшыл болса, Керекудегі белгілі тіл күрескері, «Тіл жанашыры» Құрмет белгісі иегері Руза Бейсенбайтегі жалғыз өзі шырылдап, кеудесімен трамвай тоқтатып жүрер ме еді?!. Қала трамвайлары тоқтағанмен, биліктегі әлі Ресей тілінде сөйлейтін Кеңестік құлдық санадағы «ескі трамвайлар» пайдалану мерзімі біткеніне 28 жыл болса да, әлі салдырлап тоқтар емес...

«Орысша ойлап-сөйлейтін адам қазақтың қамын жейді дегенге бала да сенбейді» – дейді көрнекті ақын Тыныштықбек Әбдікәкімұлы.

Ал көрнекті сыншы-ғалым Құлбек Ергөбек: «Президенттің қазақша сөзін Әкімдер ілеспе аудармамен тыңдауы – сорлылық! Ел болмаудың көрінісі. Жапонияда филологиялық арнайы білімі жоқ адамды басшы қызметке қоймайды екен. Филология – жапон тілі мен әдебиеті. Ана тілін білмеген адам сол ұлт адамының жанын түсінбейді деген сөз бұл! Философия! Солтүстік екі облыстың Әкімі де мәңгүрт деген сөз. Қызметінен өздері арызданып кетуге тиісті. Біз жұрт болып ҚР Президентінен осы талапты алдына тартып, оң шешуін сұраймыз!» – деп, өткір сынап, бекем іске бел байлап, кірісіп кетіпті. Біз әрине, қуана қолдаймыз!

Сонда солтүстіктің әкімдері түсінбейтіндей, Қазақстан Президенті өзі беске білетін ағылшын тілінде сөйлеп отыр ма?!. Жоқ, әлгі әкімдер «екіге» білетін Қазақ тілінде сөйлеп отыр...

Мемлекет басшысының мемлекеттік тілдегі сөзін түсінбейтін мемлекет тағайындаған әкімдер мен министрлер әлемде Қазақстаннан басқа қайда бар? ЖОҚ! Өзін-өзі сыйлайтын ешқандай елде бұлай болуы МҮМКІН ЕМЕС!

Солтүстік Қазақстан облысының және Павлодар облысының әкімдерінен сұрау керек – «Сендер Қазақ Елі осыдан 28 жыл бұрын Тәуелсіздік алғанын білесіңдер ме?!.» – деп?!.

Бұл сурет Санасы отарлық құлдықтан арылмаған құлаққесті құлдар үшін кәдімгі әдеттегідей, күнделікті, занды, табиғи жәйт! Ал әрбір ұлтын сүйетін ұлтшыл, мемлекетшіл, отаншыл, патриот, Санасы Тәуелсіздік алған Азат ойлы Азаматтар үшін ҚОРҚЫНЫШТЫ, МАСҚАРА!

Масқара екені анық, ал «Қорқынышты» деп те босқа айтып отырған жоқпыз. Мұқамбедия ағамыздың суретіне Әліби Манаш есімді бауырымыз «Қауіпті аймақтардағы қауіпті кадрлар» деп жазыпты!.. Анық берілген анықтама! Ондыққа тигізген ойландыратын «диагноз»!.. Кезінде осындай ойды біз, ұлт мүддесі – мемлекет мүддесі үшін қалам сілтеп жүрген ұлтшылдар талайдан бері жазып келе жатыр едік. Енді міне, елім деген ерлердің бәрі солай дабыл қағатын болды!

Иә, Тәуелсіздік алғанымызға ширек ғасырдан асса да, ТІЛІ мен ДІЛІ жағынан қауіптілігі әлі сақталып келе жатқан солтүстік облыстар туралы осыдан оншақты жыл бұрын «Қазақ үні» газеті мен сайтында бірнеше рет жазған едім. Сонда алдымен Ресейлік патшалық бодандықтың белгісі – Петропавл ме Павлодар қалаларының аттарын ауыстыру үшін осы екі облысқа сондайлық қажыр-қайраты, ұлттық мүддені қорғауда зор қуаты бар, ақыл-жігері мен ар-намысы қайнаған, рухы биік қайраткерлер Иманғали Тасмағамбетов пен кезінде Өскеменді өскелең қала етіп, қазақыландырып кеткен **Ислам Әбішевті** әкім ету керек деп жазған болатынмын. Сол сөзімді тағы да қайталаймын. **Иманғали Тасмағамбетовті** Ресейдегі «айдаудан», халық қазынасынан триллион үнемдегені үшін... түрмеге түскен Ислам Әбішевті астанамыздағы абақтыдан алдыру керек!

ҰЛТТЫҚ МҮДДЕНІ ҚОРҒАУ ҮШІН ҰЛТШЫЛДАР КЕРЕК!

**Қазыбек ИСА**
*Qazaquni.kz*



Қазыбек ИСА

# ҰЛТТЫҚ КЕҢЕС – ҰЛТТЫҢ ҮНІ БОЛУЫ ТИІС!

## «БҰЛ ӘН – БҰРЫНҒЫ ӘННЕН ӨЗГЕРЕК!»

**Ұлы ақынымыз Шәкәрімнің «Бұл ән – бұрынғы әннен өзгерек» – деген керемет өлеңі бар! Ол әнді талантты әнші қызымыз Тамара Асар әдемі шырқап жүр.**
**Кешелі бері Ұлттық қоғамдық сенім Кеңесі туралы түрлі пікірлер айтылып жатқанда, менің есіме Шәкәрім бабамыздың осы жыры түсті.**

Иә, қанша адам болса, сонша пікір бар. Күдіктенушілерді де түсінуге болады. Өйткені, бұған дейін талай кеңестер мен комиссиялар құрылды. Көбісі ел көңілінен шыққан жоқ өкінішке орай... Бірақ, бұл жолғы Ұлттық Кеңестің орны бөлек болуы тиістігіне көңіл аудару керек.

**Біріншіден,** Ұлттық Кеңес төрағасы – Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың өзі. Мемлекет басшысы мемлекеттік саясат талқыланатын кеңеске өзі басшылық жасаған соң Ұлттық Кеңестің рөлі мен мәртебесі биік болуы тиіс! Әрі Ұлттық Кеңес құру жолдан қосылған жоба емес – Қазақстан Президентінің сайлауалды бағдарламасында бар, Ұлықтау рәсімінде баса айтылған басты мәселелердің бірі болды. Енді міне, сәтін салып, іске асырылуда.

**Екіншіден,** Ұлттық Кеңес дер кезінде құрылып отыр! Яғни, заман сұранысы тудырып отырған уақыт талабы. Өйткені, қоғамда қызуы көтеріліп отырған мәселелер жетерлік! Жер мен Тілді сақтау, Парламент өкілеттігін арттыру, әділ сайлау мен әділ заңды талап еткен секілді саяси мәселелер, жемқорлықты жою, баспана мен жұмыссыздық секілді әлеуметтік-экономикалық мәселелердің алды алаңға шыға бастады... Ал көшеде, аланда айтылар мәселелер алдымен Ақордадағы Ұлттық Кеңес алаңында шешімін тауып жатса, бұл халыққа да, билікке де тиімді болатыны анық. Алдымен, адам ауырғанда қызуын өлшейді. Аурудың қауіптілік деңгейін анықтап, диагноз қояды да, емдеу жолдарын іздеп, іске кіріседі. Ұлттық Кеңес те қоғамдағы қызуы қатты, дертті мәселелер де дәл осылай сауықтырушылық та, сақтандырушылық та рөл атқаруы керек. Әр күрделі мәселенің дәл шешімін анықтап, ұтымды ұсыныстарын мемлекет басшысына беріп отыратын кеңесші орган болады деп білеміз.

**Үшіншіден,** бұл Ұлттық Кеңес жоғарыда айтып өткеніміздей, бұрынғы құрылған кеңес, комиссиялардай, уақытша құрылған, бір мерзімдік емес, Қазақстан Президенті жанындағы тұрақты кеңесші орган.

**Төртіншіден,** Ұлттық Кеңес құрамына көбісі өз саласының маманы, өз ісінің шебері дерлік, тұрақты түрде көтеріп келе жатқан мәселелерінде тұжырымы айқын, тұғыры берік қоғам қайраткерлері, саясаттанушылар мен құқық қорғаушылар, әр түрлі қоғамдық-саяси ұйымдардың өкілдері кірген. Өңірлерде де елдің сөзін сөйлеп жүрген азаматтар да бар екен.

Мысалы, Ұлттық Кеңес құрамы жариялана салысымен әлеуметтік желілерде, фейсбукта «Ұлттық Кеңес құрамында ұлтшыл ақын Қазыбек Иса бар екен, енді Ұлттық мүдделеріміз, мемлекеттік тіл мәселесі көтерілетін болды» деген құптаған, қолдаған пікірлер жазылуда. Өзіме тікелей хабарласқандардың барлығы да ең алдымен осы ұлттық мәселелерді, әсіресе, бір-бірінен бөліп қарауға болмайтын Тәуелсіздіктің негізгі тіректері – Тіл мен Жер мәселесін қадап айтуда. Мені қолдап жатқан барлық тілектестеріме, ұлтын сүйген ұлтшыл азаматтарға алғысымды айтамын. «Ақ жол» партиясынан Ұлттық Кеңеске мені ұсынған партия төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашевке де рахмет. Яғни, ел менің негізгі тақырыбым, басты мақсатым – Ұлттық мүддені қорғау екенін жақсы біліп және үміт артып отыр. Ендеше, менің негізгі жұмысым – Елдің жауапкершілігі зор, артар жүгі ауыр, үлкен үмітін ақтау болатыны анық! Бұндай зор мақсат, ауыр жүкті Ұлттық Кеңестің мүшелерінің бәрі біліп, сезініп отыр деп білемін.

Иә, «БҰЛ ӘН – БҰРЫНҒЫ ӘННЕН ӨЗГЕРЕК!» және Халықтың әні болады деп білеміз.

Ұлттық Кеңес – Ұлттың үні болуы тиіс!

*Qazaquni.kz*

# АЗАТ ПЕРУАШЕВ ІС-САПАРМЕН ШЫМКЕНТТЕГІ «ASIA TRAFO» ТРАНСФОРМАТОР ЗАУЫТЫНА БАРДЫ

**«Ақ жол» партиясының төрағасы Азат Перуашев және төраға орынбасары Қазыбек Иса Шымкент қаласына арнайы іс-сапармен барды.**

Күннің екінші жартысында олар Шымкент қаласындағы Трансформатор «Alageum electric» холдингінің «Asia Trafo»ЖШС зауытының жұмыс барысымен танысып қайтты.

«Asia Trafo»зауытының директоры Серғазы Күнтуаров партия мүшелерін зауыттың күнделікті жұмыс тәртібімен таныстырды.

«Asia Trafo» – «Alageum Electric» электротехникалық құрылғысы Қазақстандық жетекші өндіруші құрамына кіретін трансформаторлық құрылғыны жасау жөніндегі Орталық Азиядағы ең ірі зауыт. Аталмыш мекемеде 130 адам жұмыс істейді. Оның 70-і дәнекерлеуші. Жұмысшылар зауыт маңында салынған 5-қабатты 40-пәтерлі үймен қамтылған, пәтердің автотұрағы да қарастырылған.

Өндіріске үдемелі және экологиялық таза технологиялар енгізілген. Олардың көбісін дүниежүзілік өндірушілер қолдана бастады. Шығарылатын бұйымдардың сервистік қызмет көрсетуді жақсарту мақсатында өндірісті басқарудың жаңа жүйесі орнатылған.





# ЖОҒАРЫ НЕСИЕ ӨНІМ БАҒАСЫН ӨСІРЕДІ

**«Ақ жол» партиясы фракциясының депутаты Кеңес Абсатиров Шығыс Қазақстан облысындағы өнеркәсіп ұжымдарымен кездесуде. ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты іссапар барысында 4 кәсіпорынды аралады. Оның ішінде екеуі – облыс орталығында, екеуі – ШҚО Глубоков ауданында.**

«Силумин Восток» кәсіпорны директоры Зоя Новолодская депутатты ілмекті арматура, жинақталған тарату құрылғысы, екіжақты сору сорғысы, құйма оқшаулы құрғақ трансформатор, электрмагнитті шығын өлшегіш сынды зауыт өнімдерімен таныстырды.

Өнеркәсіп тауарлары жақын жердегі мемлекеттерге ғана емес, Африка елдеріне де тасымалданады.

Кәсіпорын иесі сандық бағдарламаны басқару бойынша реттеуші, білдікші, технолог, конструктор сынды кәсіби мамандардың жетіспеушілігі мәселесін де айтып өтті.

Келесі бір мәселе – айналымға жеткіліксіз қаражат үшін несиенің жеткіліксіздігі: «Даму» қорының беретін ақшасы зауыттың толыққанды жұмысына жеткіліксіз, ал банктің 14% мөлшерлемесіндегі несиесі шығарылатын өнім бағасының өсуіне алып келеді. Отандық өндірушінің айтуынша, егер несие мөлшерлемесін 4%-ға түсірсек, бұл мәселені шешуге болар еді.

Кездесу соңында депутат кәсіпорын жұмысшыларынан елдегі реформаларға байланысты сұрағын қойды. Жасы үлкен жұмыскерлер зейнет жасының өсуіне алаңдаушылығын білдірсе, жастар орта білім беру жүйесіндегі реформаларға байланысты өз ойларын білдірді.

Еншілес «Ульба-электро» ЖШС өндірістік-коммерциялық фирманың директоры Александр Фроимчук қондырғылардың жекелеген бөлшектерінің жұмысын тексеріп, қызметкерлерді даярлауға арналған арнайы жабдықталған оқу сыныбын таныстырды.

Кеңес Абсатировтың іссапары ШҚО Глубоков ауданында жалғасты.

# ДЕПУТАТ АГРАРЛЫ АЙМАҚТЫ АРАЛАДЫ

**Парламент Мәжілісінің депутаты Екатерина Никитинская жұмыс сапары барысында Қостанай облысының жұртшылығымен кездесті.**

Мәжілісмен «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында тұрғызылып жатқан «Юбилейный» шағын ауданындағы мемлекет баспанасының құрылыс жұмыстарымен танысты. Жылдың аяғына дейін жүз шақты отбасы пәтер кілтіне ие болады деп жоспарлануда.

Халық қалаулысы, сондай-ақ, шағын ауданды жылумен қамтамасыз етіп отырған жаңа қазандыққа және жаңадан ашылған Жастар сарайына барды.

Күннің екінші жартысында Никитинская партияның облыстық филиалы белсенділерімен кездесіп, азаматтарды қабылдады.

Осыдан кейін халық қалаулысы Екатерина Никитинская бірқатар Мәжіліс депутаттарымен бірге Қостанай облысының Алтынсарин ауданындағы бірнеше нысандарға барды. Депутатты Шоқай және Докучаево ауылдарына ауыз суды жүргізу жұмыстарымен таныстырды. Ауыл тұрғындары үшін ауыз су тапшы, олар күз мезгілін күтуде. Себебі, күзде мердігерлер әрбір үйге ауыз суды өткіземіз деп уәде берген. Депутаттар халықпен тілдескен соң, ауылдықтардың мәселелерін қарастыруға уәде берді.

Бұдан соң, халық қалаулылары «Зуевка» ЖШС жұмысшыларымен кездесті.

Агроөнеркәсіптің жағдайы жақсы, биыл ауылдағы мектептің шатыр жөндеу жұмыстарын жүргізді. Робототехника сыныбы үшін бір жарым миллион сомасына жабдық сатып алынды. Жергілікті оқушылар мәжілісмендерге күрделі бағдарламаларды игергенін көрсетіп, робот-трактор мен комбайндардың макеттерін ұсынды.

Депутат Никитинскаяның сайлаушылармен кездесуі жалғасуда.

# МӘЖІЛІСМЕНДЕР ӨНДІРІСТІ ӨҢІРДЕ БОЛДЫ

**Парламент Мәжілісінің депутаты Меруерт Қазбекова мен «Ақ жол» партиясының облыстық филиал өкілдері қаладағы «Шебер» тігін фабрикасының жұмысшыларымен кездесті.**

Фабрикадағы жұмысшылар саны 60-тан асады – олар металлургия мен мұнай өңдеуші зауыт пен ірі кампанияларына арнайы киім тігетін тігіншілер. Депутат «Ақ жол» партиясының жұмысымен таныстырды. Кездесуге қатысушылар мемлекеттік тапсырыстарды алу, дайын өнімді шығару, салық төлеу, зейнетке шығу сынды түрлі сұрақтарын қойды. Қазбекова қойылған сауалдардың барлығына жауап беріп, өз бақылауына алатынын айтты.

Сондай-ақ, халық қалаулысы «Троя» ЖШС ұжымымен кездесті. Өнеркәсіп ірі зауыт пен компанияларға өндіргіш метал шкафтарын шығару және қалалардағы саябақ пен гүл бақтарына арналған металл қоршауларын жасаумен айналысады. Кәсіпорында 60-тан адам жұмыс істейді.

Бүгінгі таңда «Троя» ЖШС өндірістің жаңа бағытын – отандық жиһазды шығаруды қолға алған. Ол үшін неміс жабдықтары да сатып алынған.

Сонымен қатар,»Ақ жол» фракциясының депутаты Меруерт Қазбекова бір топ Мәжіліс депутаттарымен бірге энергетик пен шахтерлардың отаны – Екібастұз қаласына барды. Олар онда жергілікті кәсіпкерлермен, көпбалалы аналармен кездесіп, бірнеше нысандарды аралап қайтты.





Бірінші кезекте мәжілісмендер жергілікті бизнес өкілдерімен кездесті. Олар жылумен қамтамасыз ету сынды мәселелерімен бөлісті.

Бұл кездесуден соң, халық қалаулылары астанадан қалаға «Нұрлы Ертіс» бағдарламасы бойынша көшірілген көпбалалы аналармен кездесті. Қазіргі астанадан 100-ден аса отбасы көшірілген, оның ішінде 500 шақты бала бар. Мұнда оларға қолайлы жағдайлар жасалған: жұмысқа, мектеп пен балабақшаларға орналастыру, баспана алу. Көшірілгендердің барлығы төмен бағада жалға пәтер алуда.

Депутаттар, сондай-ақ, оқу орталығының құрылыс жұмыстарымен танысты. Құрылыс нысанының 10 жыл бойы салынып келе жатқанын айту керек. Былтырдан бері құрылыс қайта жанданып, оны 2020 жылы аяқтау қолға алынған.

Мәжілісмендер мектепке дейін гі білім беру ұйымдарының педагогтарымен кездесіп, білім берудің жаңа жүйесі бойынша сұрақтарын қойды. Депутаттар инклюзивті білім беру мәселесін бақылауға алуға уәде берді.

*«Ақ жол» партиясының баспасөз қызметі*

# ЖАҢА БАҒДАРЛАМА – ЖАҢА ЖЕТІСТІККЕ БАСТАМАҚ

**Білім саласында жаңашылдық бүгінгі заман талабы екендігі сөзсіз. Бұл тұрғыда жаңа бағдарлама халық игілігіне қызмет етері анық. ҚР Премьер-Министрі Асқар Мамин Үкіметтің кеңейтілген отырысында 2019 жылдың соңына дейін Білім мен ғылымды дамытудың 2025 жылға дейінгі жаңа мемлекеттік бағдарламасының бекітілетіндігін айтты.**



Премьер-Министрдің айтуынша, жаңа мемлекеттік бағдарлама негізінде үш ауысымды мектептер мәселесі шешімін таппақ. Жалпы саны 500 мектеп тұрғызу жоспарланған болса, оның ішінде 100-ден астам мектеп жан басына шаққандағы қаржыландыру есебінен салынады деп күтілуде.

Сонымен қатар, мектепке дейінгі білім алу қызметін де барлық балалардың пайдалануына мүмкіндіктер жасалмақ. Бұл бағытта, мемлекеттік жеке кәсіпкерлік механизмі бойынша 3 мыңға жуық жаңа балабақша ашылмақ.

2021 жылы мектептерде, колледждер мен ЖОО толығымен жаңа оқыту бағдарламасына көшіп, жаңа серпінмен жүйелі жұмыс істемек. Сондай-ақ, орта білім саласын жоғары деңгейде дамыту ісі де жолға қойылмақ.

Атап айтқанда, шағын мектептерде білім беру сапасын жақсартуға, ауыл мен қала мектептері арасындағы айырмашылықты жоюға ерекше көңіл бөлінбек.

Үкімет басшысы техникалық білім беруді экономика қажеттіліктеріне бағыттау үшін колледждерді трансформациялау керектігін және жұмыс берушілердің сенімгерлік басқаруына беру жұмыстарын қолға алу қажеттігі тілге тиек етілді.

Орта кәсіптік білім беру жүйесінде де айтарлықтай жаңалықтар қолға алынған. Атап айтқанда, еліміздің 390 колледжіне халықаралық WorldSkills стандарттары мен модульдік бағдарламалары енгізіліп, жаңа талапқа сай жұмыс жүргізілмек. Сонымен қатар, колледждер жүйесін нарық талабына қарай оңтайландырмақ. Білім алу барысында студенттерге мейлінше жағдай жасалмақ. Яғни, 2022 жылдың соңына қарай жатақхана орнымен қамтамасыз ету үшін 75 мың орын қолданысқа беріледі деп жоспарлануда. Ал биылғы жылдың өзінде 8 мыңы қолдануға берілмек.

Жалпы отандық білім саласы жаңа жүйелер арқылы жаңа қадамға аяқ баспақ. Бұл тұрғыда, ғылым саласында оның тиімділігін арттыру үшін ғылымды қаржыландыру мен басқарудың жаңартылған жүйесі енгізілмек. Бұл жүйе бөлінетін қаражаттың ашықтығын және тиімділігін көрсету арқылы салада орын алатын жемқорлықтың жолына тосқауыл қойылмақ.

Атап айтқанда, білім саласындағы оң өзгерістер мен игі бастамалардың барлығы халық игілігіне қалтқысыз қызмет етпек.

# БІЛІМ САЛАСЫН ДАМЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ – БАСТЫ НАЗАРДА

**Білім саласын дамыту бағдарламасы қай кезде де басты назарда. Сондықтан, болса керек, Елбасымыздың да әр жыл сайынғы Жолдауларында білімге бағытталған нақты тапсырмалардың беріліп отыратындығы. Бүгінгі күні де ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовті қабылдап, министрліктің қазіргі жұмыстары, негізгі бағдарламалық құжаттардың жүзеге асырылуы, сондай-ақ, берілген тапсырмалардың орындалу барысымен жете танысты.**

Кездесу кезінде сала басшысы Асхат Аймағамбетов Білім саласын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының әзірлену барысы туралы кеңірек баяндады. Білім саласындағы басты мәселелермен толығырақ танысқан Қасым Жомарт Кемелұлы жаңа мемлекеттік бағдарламаның мазмұны мен осы құжатта шешілуге тиісті міндеттер жөнінде өз ұсыныстарын да ортаға салды.

Сонымен қатар, ұлттық университет ректорларын Президент жарлығымен тағайындау процедурасы күшін жойып, ендігі жерде аталмыш оқу орындарының басшылары конкурстық негізде Үкімет қаулысымен тағайындалмақ.



Асхат АЙМАҒАМБЕТОВ:

# БАЛАЛАРДЫҢ ДЕРБЕС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЕСКЕРІЛУІ КЕРЕК

**Елімізде білім бағдарламаларының ауырлығын алға тартқан ата-аналардың көпшілігі баланы 6 жастан мектепке беруге қарсылық білдіріп жатқаны белгілі. Өз жемісін бергенше, кез келген бастамаға, бастапқыда күмәнмен қарау заңдылық екені белгілі. Бұл тұрғыда ел арасында әртүрлі алыпқашпа әңгімелердің жүргені де жасырын емес.**

Мәселен, балаларын мектепке 6 жастан бермеген ата-аналарға айыппұл салынады деген әңгімелердің негізсіз екендігін де атап өтті білім министрі Орталық коммуникациялар қызметіндегі баспасөз мәслихатында.

Сондай-ақ, республика бойынша жүргізілген зерттеу нәтижелері жыл санап 6 жастан мектепке баратындардың қатары молайып келе жатқанын көрсетеді. Атап айтқанда, 2014 жылы ел көлемінде бірінші сыныпқа барған 320 мың бүлдіршіннің 60 пайызы алты жаста болған болса, өткен жылы 80 пайызға жеткен.

Ал өзге мемлекеттерге көз тастасақ, әлемнің 134 елінде оқушылар алты жастан мектепке барады екен.

Жиын барысында өз баласының да алты жастан мектепке барғанын атап өткен Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов әрбір баланың дербес ерекшеліктерінің ескерілетіндігін тілге тиек етті.

# МЕРЕЙТОЙ ҚҰРМЕТІНЕ ЖАҢА БАЛАБАҚША АШЫЛДЫ

**Республика көлемінде мектепке дейінгі білім беру ісін дамыту тұрғысында көптеген ілкімді істер атқарылып келе жатқаны көпке аян. Осындай игілікті істердің бір парасы Ақмола облысында да жүзеге асуда.**

Көкшетау қаласының 195 жылдық мерейтойы құрметіне орай тарту ретінде 280 орындық №20-шы «Zerek» балабақшасы пайдалануға берілді.

Салтанатты шараға Ақмола облысының әкімі Ермек Маржықпаев қатысып, жергілікті халықты құттықтап, жүрекжарды лебізін білдірді.

Осынау игі істің «Балапан» мемлекеттік бағдарламасының аясында жүзеге асқанын атап өткен өңір басшысы кішкентай бүлдіршіндердің өнерін сүйсіне тамашалады. «Zerek» балабақшасы меңгерушісі Бану Нүпілованың айтуынша, 280 орынға шақталған мектепке дейінгі білім беру мекемесінде 12 топ жұмыс істейді.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиясы, денсаулықты қорғау және сауықтыру технологиясы, үштілді, балалардың ғылыми-экспериментальды жұмысы, қосымша білім (бейнелеу өнері, хореография) сияқты бес бағытта жұмыс істейтін балабақшада балалдардың интеллектуалдық дамуына барлық мүмкіндіктер қарастырылған.

Заманауи кабинеттер, көркем әдістемелер, төсек-орындар мен асханалар да балапандарымыздың игілігі үшін қызмет етпек.






# «БОЛАШАҚ» БАҒДАРЛАМАСЫН ЖЕТІЛДІРУ ҚОЛҒА АЛЫНДЫ

**Елімізде «Болашақ» бағдарламасы арқылы шетелде білімін жетілдіріп келіп, егемен елдің жарқын келешегі үшін елеулі еңбек етіп жатқан болашақтықтар жетерлік. Бүгінгі күні өзінің жемісін беріп келе жатқан аталмыш бағдарламаны одан әрі жетілдіре түсу қолға алынбақ.**

Бұл тұрғыда Орталық коммуникациялар қызметіндегі баспасөз мәслихатында ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов «Болашақ» бағдарламасы даму процестерін тыс қалмауы керектігін атап айтты.

«Болашақ» бағдарламасы өте жақсы нәтиже беруде, өзінің тиімділігін көрсетті. Қазақстандықтардың көбісі бұл бағытта білім алды, бұл өз кезегінде «әлеуметтік лифт» болды. Атап айтқанда, бұл бағдарлама да эволюцияға ұшырайтыны анық. Осы орайда, біз тиісті тапсырманы алдық және оның аясында қажетті құжатты даярлаймыз», – деді министр өз сөзінде.

Ел болашағы үшін«Болашақ» бағдарламасына қатысу талаптарын өзгертуді тапсырған Президент Қасым Жомарт Тоқаев бағдарламаның ел дамуына өзінің орасан зор септігін тигізетінін атап өтті.

**Дайындаған: Г.БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ**

# ТҮРМЕДЕН ХАТ: ӘБІШЕВ ЕРКІНДІКТЕ БОЛСА, МИЛЛИОНДАҒАН АДАМҒА ПАЙДАСЫ ТИЕДІ



**«Қазақ үні» ақпарат агенттігінің электронды поштасына «біртүрлі» хат келді. Олай дейтініміз, үкіметтік ұйымдар, әкімдіктер мен министрліктердің баспасөз хабарламаларын алып үйреніп қалған біздерге түрмеде жатқан адамның хаты келіп түсуі – бірінші рет. Темір тордың ар жағындағы Қадыржан есімді қазақ жігіті анасына жан тебірентерлік хат жазып, біраз әңгіменің басын қайырған екен. Қадыржан түрме ішінде Су ресурстары комитетінің экс–төрағасы Ислам Әбішевпен танысқаны туралы жазып, ол туралы өзінің көзқарасын ашық айтыпты.**

**Біз, әр Қазақстан азаматы өз көзқарасын білдіре алатын еркін пікірталас алаңы ретінде, Қадыржанның хатын поштамызға келген күйінде жариялауды жөн көрдік.**

**Редакция**




*Мама!*

*Сәлем бердік! Қалдеріңіз қалай!*

*Ауырып жүрген жоқсыз ба?*

*Өзіңізге белгілі мен мұнда жазықсыздан-жазықсыз жатырмын.*

*Бір айдан асқанша тергеуші де келмей бостан, бос жаттым. Осыдан бір ай бұрын қапаста Ислам Әлмаханұлы Әбішев деген ағамен таныстым. Ол кісіге үлкен рақмет! Көп жағдайды түсіндірді. Екі мың долларға адвокат жалдап берді. Әрине, шыққан соң біртіндеп қайтарамын ғой. Жалпы бұл кісі өте мейірімді жан. Менен басқа да көптеген жас балдарға ақыл-кеңесін беріп көмектесіп жатыр, бірен-саран қаржылай жәрдем беріп көмектесіп жатыр. Төрт-бесеуі қамалатын жерінен босанып шықты, Алла бұйырса 1-айға жетпей менде босап шығамын. Өзі түрмеде отырса да, 10 жылдан 15 жылға дейін қамау қаупі болса да, қиналмай жан-жағындағы адамдарға көмек беруден шаршамайды.*

*Мен де көп нәрсені үйрендім. Өмірге көзқарасымды өзгерте бастадым. Бұл кісі қып-қызыл жаламен отыр. Себебі мемлекеттің 1 триллион теңге қаржысын үнемдеп, соны пайдаланып жеп кетпекші болғандардың аузынан қаққан.*

*Тағы да халықты ауыз сумен қамтамасыз ету бойынша 600,0 млрд. теңгеге үнемдеуге болады деп үкіметке мәселе қойған. Бірақ бірде бірін үкімет қолдаған жоқ. Қайта біреуге арыз жаздырып содан пара алмақшы болды деп түрмеде қинап ұстап отыр. Жасы мамыр айында 63-ке толды. Өзі бес мезгіл намаз оқиды. Өсіп өнген жандар 7-8 туған інілері, 13-14 немере інілері, 7-8 ұл қыздары бар. Өзінен басқа ешқайсысы мемлекеттік қызмет істемейді. Барлығы кәсіпкерлікпен айналысады. Бәрі де оқыған сауатты, жағдайлары да дұрыс адамдар. Бұл кісі Қазақстандағы барлық баспанаға мұқтаж адамдарды 3 жылдың ішінде осы қазіргі бөлініп отырған қаржымен-ақ толық қамтамасыз етуге болады дейді. Қазір соның есебін жасап жатыр. Жақында жариялаймын дейді, тағы басқа кәсіпкерлерге 2-3 пайыздан аспайтын кредитпен қамтамасыз етудің бағдарламасын дайындап жатыр.*

*Қазақстанда ең төменгі жалақыны 300,0 мың теңге болатын етіп біртіндеп, көтере отырып 3 жылда қол жеткізуге болады деп отыр.*

*Бұл кісі бұрын су саласын басқарған сондықтан бұған дейін қаржыны тиімді пайдалану жөніндегі ұсыныстарды осы су саласы бойынша жасап келген сонын арқасында пенсияға 2 ай қалғанда түрмеге түсті. Көптеген ойларын үкіметтің қызметінен кетіп пенсияға шыққанда жазамын деп жүргенде түрмеге түсті. Түрмеге түссе де тынбай еңбек етіп отыр, біз ол кісіге өзіңіз қамалып кетсеңіз әуре болып қайтесіз, денсаулығыңызға қарап жатпайсызба десек ол кісі былай деді: «Алла тағала осы жұмыстарды қаржымен халыққа пайдалы етіп жасаудың жолдарын маған білдіріп тұр. Егер мен ерініп, болмаса үкімет басындағылардан қорқып, өз қара басымды ойлап, бұғып қалсам, онда Алланың алдында күнәһар, айыпты болмаймын ба? Арғы дүниеге барғанда не деп жауап беремін» дейді.*

*Біз жігіттер барлығымыз бұл кісіні терең түсіне бастадық, сондықтан барлығымыз ақылдасып сізге хат жазып отырмыз. Бұл кісі мұнда отырмауы керек миллиондаған қарапайым адамдарға пайдасы тиеді. Сондықтан сыртта еркіндікте болуы керек.*

*Бұл кісінің інілері, ұл-қыздары прокурор сот, тергеушілермен келісейік, сұрағанын берейік деп қайта-қайта айтатын көрінеді, бұл кісі мүлдем қарсы менің ешқандай күнәм жоқ. Мен ақталып шығамын дейді, егер біреуге бірдене бергендеріңді білсем онда өзім-ақ шықпай отырамын дейді. Маған оны менің адвокатым айтты. Адвокат айтады бұлай ешкіммен келіспесе сотталып кетеді дейді. Сондықтан біз жігіттер болып ақылдасып, қарапайым халық арқылы қолдау көрсетейік деп шештік. Инстаграмда ма, фейсбукте ме Абишев Исламды қорғау комитеті деген құрылыпты, соған тіркелу керек. Әрбір ол кісіні қорғайтын кісі. Әлде «Қазақ үні» деген сайтта тіркеледі ме, соны көру керек. Мама, Асанға айт. Ауылдың адамдарына, өзінің таныстарына, Бағдатқа, Маралға айтсын. Фейсбук, инстаграм арқылы таратсын, Сақады жігіттерге де айтып, оларда қолдасын. Жалпы қарапайым халықтың барлығына тарату керек. Сөйтіп Ислам ағаны қолдайтындардың тізіміне барлығы тіркелуі керек. Асан, Бағдат, Марал, мама өзіңіз бас болып біздің батыстан ағаны қолдайтын адамдар санын барынша арттырсақ, ол кісіге өте көп жәрдем болады. Мама өзіңіздің, бала-шағаның, үйдің (ішін-сыртын) суретке түсіріп жіберсеңіз бәріңізді сағындым.*

*Балаңыз Қадыржан!*

*Рахима Жубанова (мамам)*

**Сіздер судьяның қалай үкім шығаратынын білесіздер ме? Дұрыс, судья «үкім шығару үшін сот кеңесу бөлмесіне кетеді» деп хабарлайды.Судья кеңесу бөлмесінен шыққаннан кейін бірден үкімді оқиды. Заңда солай көрсетілген. (Ал, Шымкент қаласы Еңбекші аудандық сотының судьясы А.Е.Орақбаева болса кеңесу бөлмесіне кеткен соң үкімді оқитын уақытты қосымша хабарлайтын өзгеріс енгізіп жатыр екен). Бұл тек ҚР Қылмыстық-процессуалдық кодексінің 395-бабында ғана емес, мысалы, Жоғарғы Соттың 2018 жылғы 20 сәуірдегі №4 «Сот үкімі туралы» нормативтік қаулысында да солай жазылған: «Үкімнің толық мәтіні кеңесі бөлмесінде даярланады, судьяның қолы қойылады және будан соң іс қаралып болған сот отырысты оқылады».**

# ЗАҢ СУДЬЯ А.ОРАҚБАЕВА ҮШІН ЖАЗЫЛМАҒАН БА?..

Неге бұлай етілген, неге судья сол кеңесу бөлмесінен шықпай жазуы тиіс? Себебі, судьяның ҚР Конституциясы мен ҚР Қылмыстық-процессуалдық кодексінің «Судьяның тәуелсіздігі» деп аталған 22-бабында көрсетілген тәуелсіздігі қамтамасыз етілуі тиіс. 22-2-бабында **«Соттың әділсотылықты жүзеге асыруына қол сұғуға болмайды және ол заңға сәйкес жауапкершілікке тартылады. Нақты іс бойынша судья ешкімге есеп бермейді»** деп жазылған. Судьяға бастығы, досы, күйеуі немесе әйелі, кім болғанда «олай жаз, бұлай жаз» деп айта алмауы үшін. Судья үкім шығарғанда заң нормалары мен өзінің ар-ожданына сүйініп қана үкім шығаруға міндетті. ҚР Қылмыстық-процессуалдық кодексінің 388-бабына сәйкес **«үкім істі қараған судьяға ешкім де ешқандай ықпал етуіне жол бермейтін жағдайда жазылады, қаулыны жазып отырған ешкімнің, тіпті запастағы судьяның да қатысып отыруына жол жоқ»**. Судьяның қаулына жазу үстінде үзіліс жасауға, кеңесі бөлмесінен шығуға хақысы бар. Бірақ, ешкімге жолыға алмайды. Ал, судья аттай жеті күнге үзіліс алады. Кімге жолықпақшы екен? Бастықтарына ма? Ұлттық қауіпсіздік комитетіне ме?..



Председателю Шымкентского
городского суда

От подсудимого председателя
ОО «Локальный профессиональный союз
«Достойный труд» работников
нефтехимической промышленности»
Балтабай Ерлан Нарзілдәулы
по уголовному делу №1-115/2019 года,
следственное №185100031000457
(по незаконному заявлению Р.Нурекеевой)
Проживающий по адресу: г. Шымкент,
мкр. «Самал-2», ул Акмаржан, дом 35.
ИИН 661106302110.
Тел: 8 776 758 46 53; 8 701 758 46 53.

**Жалоба**
**на незаконное действия судьи Оракбаевой А.К. вопреки нормам Нормативного Постановления ВС РК от 20 апреля 2018 года №4, тем самым нарушивший мои права указанное в законе.**

Уважаемый председатель городского суда.
Судья Енбекшинского районного суда г.Шымкент А.К. Оранбаева, после того как закончился судебный процесс, где я являюсь подсудимым по лже заявлению лже пострадавшей Р.Нурекеевой, ушла в совещательную комнату, оттуда не вышла до сегодняшнего дня. Тем самым нарушив норму указанную во втором абзаце ч.4 Нормативного Постановления ВС РК от 20.04.2018 г. за № 4, где указано: «…Полный текст приговора подлежит изготовлению в совещательной комнате, подписываться судьей и после этого **оглашается в том же судебном заседании**, в котором закончилось разбирательства дела…»
Для того чтобы обеспечить независимость судьи и исключить возможность влияния на приговор суда в ч.1 ст.389 УПК РК указано: «Приговор постановляется судьей, рассматривающий дело, **при условиях** исключающий возможность оказать на него **любое воздействие**. При постановлений приговора присутствии иных лиц, в том числе запасного судьи, **не допускается**».
В связи с выше изложенным, естественно возникает подозоение о влияние других лиц с кем контактировала судья Оракбаева А.К. в течении этих дней и соответсвенно игнорируется и необеспечивается независимость судьи указанные в ст.22 УПК РК.

Уважаемый председатель.
Прошу Вас восстановить законность и принять соответствующие меры воздействия через судебное жюри ВС РК (квалификационная комиссия, дисциплинарная комиссия.)

02.07.19г.
Балтабай Е.Н.
Шымкент қалалық сотының кеңсесі
«02» 07 2019 ж.
Кіріс №



В Енбекшинский районный суд г.Шымкент
Судье Оракбаевой А.К.

От подсудимого председателя
ОО «Локальный профессиональный союз
«Достойный труд» работников
нефтехимической промышленности»
Балтабай Ерлан Нарзілдәулы
по уголовному делу №1-115/2019 года,
следственное №185100031000457
(по незаконному заявлению Р.Нурекеевой)
Проживающий по адресу: г.Шымкент,
мкр. «Самал - 2», ул.Акмаржан, дом 35.
ИИН 661106302110
Тел: 8 776 758 4653; 8 701 758 4653

**Ходатайство**
**о нарушении ст. 256, и ст. 199 УПК РК при проведении обыска и выемки, а также о исчезновении документов с уголовного дела и соответственно о вынесении частного постановления о факте нарушения согласно ст. 405 УПК РК.**

Уважаемый Суд
1. В уголовном деле находятся протоколы обыска и изъятия документов, проведенные и составленные с нарушениями ст. 199, ст. 256 УПК РК.
2. В уголовном деле отсутствуют акты проверки ревизионной комиссии Локального профсоюза «Достойный труд».
3. В уголовном деле отсутствует документы аудиторской проверки налоговой инспекции.

В связи с выше изложенным нарушениям законности прошу Вас в совещательной комнате вынести частное постановление по этим нарушениям согласно ст. 405 УПК РК.

Балтабай Е.Н.



В Енбекшинский районный суд г.Шымкент
Судье Оракбаевой А.К.

От подсудимого председателя
ОО «Локальный профессиональный союз
«Достойный труд» работников
нефтехимической промышленности»
Балтабай Ерлан Нарзілдәулы
по уголовному делу №1-115/2019 года,
следственное №185100031000457
(по незаконному заявлению Р.Нурекеевой)
Проживающий по адресу: г.Шымкент,
мкр. «Самал - 2», ул.Акмаржан, дом 35.
ИИН 661106302110
Тел: 8 776 758 4653; 8 701 758 4653

**Ходатайство**
**Об обязанности суда обнаружив обстоятельства, исключающие уголовное преследование решить вопрос о прекращении уголовного дела согласно части 8 ст. 35 УПК РК.**

Уважаемый Суд
1. В процессе разбирательства (наконец то выяснилось) заявительница Р. Нурекеева не является учредителем организации (профсоюза), и соответственно этого, она не является потерпевшим.

а) Р. Нурекеева не смогла доказать свою долю в уставном фонде организаций (в профсоюзных организациях в отличие от коммерческих и иных организациях не бывает уставного фонда учредителей).
б) Согласно ч.1 ст. 8 Закона РК о профессиональных союзах, профсоюзы создаются по инициативе группы граждан а не учредителями, которые не могут претендовать на средства профсоюза (согласно ст. 28,29 Закона РК о профессиональных союзах).
в) В письме юстиции, ясно указано – она член профсоюза (Приложение 1.)
Как Вы видите из выше изложенного **заявительница** Р. Нурекеева **не пострадавшая.**
В связи с тем что заявительница **не потерпевшая** согласно п.5 ч.1 ст. 35 УПК РК уголовное дело **подлежит прекращению.**

2. Принятое судом как вещественное доказательство видеозапись (видеоматериал от 19.05.2019 г.) доказывает то, что деньги не потрачены для личных нужд, не украдены, не растрачены и т.д. а находятся в целости-сохранности.



Деньги находящиеся в целости – сохранности, доказывают **отсутствие события уголовного правонарушения** и согласно п.1 ч.1 ст. 35 УПК РК уголовное дело **подлежит прекращению.**

3. Деньги (членские взносы) независимого профсоюза «Достойный труд» находятся у меня в подотчете, так как деятельность этого профсоюза приостановлена. Согласно этого, данное время не существует кассы, кассира и счета в Банке, кроме как у руководителя организации негде хранить эти деньги. Руководитель организации, как материально ответственно единственное лицо, имеет полное законное право хранить эти средства, находящиеся у него в подотчете. Видеоматериал, как я выше сказал, доказывает то, что я сохранил эти деньги в целости – сохранности. Как руководитель организации, я отчитаюсь за каждое тенге из этой суммы согласно законодательству РК.

Все выше изложенное доказывает **отсутствие в деянии состава уголовного правонарушения** и согласно п.2 ч.1 ст. 35 УПК РК уголовное дело **подлежит прекращению.**

Уважаемый Суд.
Согласно Выше изложенного и пунктам 1,2 и 5 ч. 1 ст. 35 УПК РК и руководствуясь ч. 8 ст. 35 УПК РК.

Прошу Суд
О прекращении уголовного дела № 1-115/2019 года, следственное № 185100031000457 – за отсутствием события уголовного правонарушения; - за отсутствием в деянии составы уголовного правонарушения; - за отсутствием потерпевшего (не надлежащая заявительница).

Прилагается:
1. Письмо юстиции от 28.03.2019 г.

Балтабай Е.Н.

«Не могу сказать, что я сильно волновалась: у меня было 10 дней свободного путешествия, надежный товарищ, немного денег и выкупленный авиабилет туда-обратно. Иногда для счастья этого вполне достаточно», - пишет она.

В аэропорту южной столицы иностранка встретилась со своей московской подругой. За ними приехал перевозчик, которого украинка очень высоко оценила в своем отзыве. Проводник приехал на машине марки Delica, в багажник которой заботливо положил палатку, спальники и забрал гостей из аэропорта.

Первым пунктом путешествия у туристов был Кольсай. Тот самый загадочный и красивый Кольсай, притягивающий к себе туристов со всего мира.

Перед Кольсаем туристка отправилась в аул Саты, в который не летают самолёты и не ходят поезда.

«В этих краях погода начала мая очень похожа на нашу в начале июня: зелено, ветрено, жарко, повсюду летает тополиный пух. Просторы сумасшедшие. Мы останавливались в каком-то каньоне, невероятно красивом», – рассказывает Настоящая Африка.

По её словам, проводник, которого зовут Айбек, разносторонний и интересный человек, он любит свою родину и все, что с ней связано.

«Мы много разговариваем про историю и современность, про местный быт и дальние страны, про КВН и охоту. После общения с ним как-то сам начинаешь любить Казахстан, уважать Президента Казахстана, восхищаться», – пишет иностранка.

Атмосфера создалась просто потрясающая, вспоминает туристка.

«Все эти ханы-завоеватели, похищенные красавицы, кровь поверженных врагов, добытые животные, кровожадные рецепты. В какой-то момент мне кажется, что даже я, законченный пацифист, могла бы кого-то заколоть в неравном бою, ну или хотя бы отрубить голову курице к ужину.

И по ходу всего пути мы встречаем какие-то пасущиеся стада, иногда сами, иногда с пастухами, глубокие каньоны, зелёные холмы, и кони, кони», – пишет форумчанка.

«Часа в четыре мы наконец-то вынырнули из-за очередного холма, и перед нами раскинулась долина с лежащим в ней аулом Саты», – рассказала она.

Особенно ей понравилось гостеприимство и тепло казахстанского народа. Её также приятно удивили цены и радушные хозяева, которые сдают свои дома как «гостевые».

Аул тот небольшой, рядышком находились Дом культуры и мечеть, по окрестностям ходили стада овец, коров и лошадей. Все спокойно и мирно.

Следующий день форумчанка полностью посвятила Кольсайским озерам. Озера, по её словам, оказались просто изумительными.

После чудесной прогулки гостеприимные хозяйки ждали туристку с ужином и натопленной баней.

«Мы поразвешивали везде свои мокрые шмотки сушиться, намылись, наелись и опять, как убитые зайчики, мгновенно уснули, едва коснувшись подушки. Когда мы снова остановились на горе, чтобы бросить последний взгляд на Саты, возникло чувство чего-то очень родного и хорошего», – пишет Настоящая Африка.

По словам форумчанки, озеро Кольсай действительно необыкновенное.

«Спрятанное среди гор, с удивительными соснами, застрявшими в этой озёрной вечности, с мёртвой тишиной вокруг – очень сказочное ощущение от него», – пишет она.

Вдоволь налюбовавшись озером, форумчанка отправилась смотреть Чарынский каньон.

«На Чарын мы приехали где-то к семи вечера, сверху дул такой жуткий ветер, что страшно было подходить к краю», - рассказывает она.

По её словам, над Чарынским каньоном просто великолепные звезды.

«Они тут настолько яркие, и их так много, что невозможно разобрать созвездия. Только Большая Медведица ещё хоть как-то определяема. Все остальные просто кишат друг на друге, и снимается одна большая сверкающая каша. Это красиво и невероятно – смотреть», – пишет она.

Но когда две иностранки с проводником выехали на дорогу, у машины пробило колесо.

«Айбек – подготовленный парень, у него есть запаска, и пока он меняет колесо, я смотрю в бесконечную даль и думаю, где-то там, далеко в Украине, мои родные и друзья кушают вкусные шашлыки на даче, а я стою где-то здесь, посреди Казахстана, «меняю» колесо, и такой во мне дикий восторг от всего, что происходит! И так мне радостно, и за них где-то там на даче, и за меня где-то здесь с колесом», – рассказывает она.







Затем она направилась в Алтын-Эмель, на известный красивейший Поющий бархан.

«Бархан нам с Юлей понравился не то что очень, а очень-очень. Мягкий, тёплый мелкий песок, очень приятный тактильно, мы уж там и просто по нему лазили, и поднимались наверх, скатывались вниз, увлекая за собой сухой пласт песка, от чего бархан «пел» – откуда-то изнутри печально и глухо гудел», – делится впечатлениями она.

Испытав, как автор пишет, фееричные ощущения, они продолжали дурачиться в песке, как дети.

«Бархан необыкновенный», – добавила она.

Далее они поехали смотреть красивейшие «вулканические» горы города Актау.

«Это удивительное место, удивительные горы. Белые, они переходят в красные, красные, они сменяются желтыми и снова превращаются в белые. Цвета, фактуры, рельефы – очень красиво.

Когда-то очень давно, во времена динозавров, а может быть, и раньше, это было дно какого-то океана, здесь текли бурные воды, вымывались расщелины. Когда океан ушел, ветер выдул всю хрупкую породу, дожди отшлифовали мягкий известняк, и образовались совершенно удивительные текстуры, каньоны и возвышенности», – пишет она.



К слову, украинка нигде не смогла найти информацию, от чего именно горы в Актау такие необыкновенные.

«До этой поездки, что бы я ни говорила, мне никто, никто не верил, что Казахстан – это круто, красиво, интересно и очень душевно. Так что теперь я очень рада возможности рассказать о том, что мы там увидели, каких людей встретили, и как сильно нам там понравилось», – заключила она.

Россиянин под ником Serebr также оставил свои впечатления об отдыхе в Казахстане.

С его слов, он давно хотел оторваться от повседневной рутины и наконец-то в очередной раз испытать себя. Для этого он выбрал прекрасные казахстанские горы.

«Да, под Алматы же есть известнейшие горы – Заилийский Алатау, в которых я не бывал, и перелет – всего 14 тысяч рублей в обе стороны из Омска Air Astan'ой! Решено – лечу в Алматы!» – пишет он.

Он выбрал маршрут, который называется «Большая Алматинская кругосветка». По его словам, это был небольшой, но удивительный поход, от которого захватывало дух.

«Денек начинался отлично. Потрясающие виды с вершины Фурманова, видна самая высокая вершина Заилийского Алатау – Талгар (почти 5000 м.). Затем приятный подъем на вершины Панорама и Башута», – пишет россиянин.

Он успешно пережил грозу в горах. Затем спустился до Талгарского перевала, где выпил чайник зеленого чая в теплой юрте. И тут показалось солнышко.

«Идеальное утро предвещало прекрасный денек. Вид на пик Конституции.

Главное и самое высокое препятствие на маршруте – перевал Туристов. И высотой он около 4000 м. Маршрут на него – затяжной пологий подъем, пролегающий очень близко к снежникам.

Вечером на стоянке произошло чудо – стоял я такой за камнем, прикрывшись от ледяного ветра, любовался заоблачными видами. И тут сначала один горный козлик, потом второй, а затем вообще небольшое стадо подошло ко мне метров на двадцать, покусывая травку. Красивые животные», – рассказывает турист.

Иностранцу очень понравился финальный заход на перевал, где была видна ледяная корка со снегом. Далее был спуск до Большого Алматинского озера, откуда на попутках он добрался до Алматы.

Туристка из Москвы под ником Sagarmatcha также рассказала, что посещает Казахстан постоянно и влюблена в природу Восточного Казахстана.

«Хочу попиарить Казахстан – на форуме про него не очень много инфы, про Восточный Казахстан еще меньше. Я там бываю каждый год, в тех местах особенная аура и энергетика. Алтайская Шамбала. Езжу подзаряжаться дней на десять», – пишет она.

От Москвы до Усть-Каменогорска лететь на самолете четыре часа, рассказывает туристка.

«А лет 100-200 назад ехали месяцами, здесь побывало немерено известного народу -Пржевальский, Семенов-Тян-Шанский, Обручев, Гумбольдт. Лет десять назад Ю. Сенкевич восхищался красотой природы, а в прошлом году забрался сюда даже Дм. Медведев. А еще отсюда родом бывшие пэтэушники, а теперь короли гламура – Сергей Зверев и Лера Кудрявцева. Зарядились в энергетическом центре, вот и зажигают», – говорит туристка.

По её словам, конечно, на первом месте у нее Москва, она любит свой город, но на втором для нее это Восточный Казахстан, который не надоедает ей, и она возвращается туда снова и снова, чтобы насладиться его удивительной природой.

*Caravan.kz*

**Разрушенные дома, погибший скот и следы от снарядов. Informburo.kz рассказывает, как живёт Арысь после возвращения жителей города. Арысь начинает медленно восстанавливаться после взрывов. В городе почти 8 тысяч зданий. В ходе взрывов 80% из них было повреждено. Основной вид урона – выбитые стёкла и разрушенные крыши. 27 домов не подлежат восстановлению и будут отстроены заново. Для оставшихся без крова жителей города создан временный лагерь для ночлега в местной школе. Во многих домах после возвращения жителей не было электричества и воды.**



# «ВЫ ЖЕ ВИДИТЕ, ЗДЕСЬ ЖИТЬ НЕВОЗМОЖНО». КАК АРЫСЬ ВОССТАНАВЛИВАЕТСЯ ПОСЛЕ ВЗРЫВОВ

### «БЫЛО ОПАСНО, НО НАДО БЫЛО КОРМИТЬ СВОЙ СКОТ»

В доме 57-летней учительницы Танзили Аюповой стоит трупный запах, как и на некоторых улицах города из-за погибших животных, в том числе домашнего скота. По словам женщины, в тот день её семье пришлось бросить всё и бежать без оглядки, поскольку на соседние дома начали падать «бомбы».

«Вы не обращайте внимания на запах», – говорит Танзиля, приглашая нас к себе в дом. – Это соседский кролик к нам забрался во время взрывов. И видимо когда мы закрыли дом, он там от голода и умер».

Семья Аюповых вынуждена была бросить свой скот, но к счастью, животные остались живы. После взрывов в Арыси волонтёры со всей страны начали пробиваться в город, им удалось спасти часть скота от голодной смерти.

65-летний Асан Пашаев в день взрывов вывез свою семью из Арыси в село Аксукент к родственникам. Сам же он вернулся в город той же ночью, чтобы спасти четырёх телят и двух коров.

«Были взрывы, было опасно, но надо было кормить свой скот»,



*Асан Пашаев со своим домашним скотом*

– говорит Асан Пашаев, гладя маленького телёнка.

Утром к Асану Пашаеву приходили оценщики, они подсчитали сумму ущерба, нанесённого дому. Родных Асан не торопится возвращать в Арысь, ждёт когда жизнь в городе немного восстановится.

### СГОРЕВШИЙ БИЗНЕС

Бизнесмен Ергобек Мынбаев потерял практически всё: продуктовый и строительный магазины, товары, дом, сарай и три автомобиля. На месте его дома сейчас лишь обуглившиеся стены. Рядом стоят сгоревшие машины марки Mersedes, «Газель» и Lada Priora. По оценкам Ергобека, материальный ущерб равен примерно 100 миллионам тенге.

Братья Ергобека – Арман и Меиржан – приехали из Западно-Казахстанской области. Они



*Меиржан Мынбаев рядом с обгоревшим «мерседесом» S класса*

осматривают то, что осталось от владений брата. По их словам, первый снаряд попал в крышу жилого дома. В доме в это время находились Ергобек, его отец и рабочие из строительного магазина. Бизнесмен успел вывести отца и рабочих, они покинули город на микроавтобусе. Через некоторое время второй снаряд попал в строительный магазин, где находился газовый баллон. От этого взрыва, предположительно, как раз и загорелись все постройки, включая жилой дом.

Арман и Меиржан надеются, что государство полностью возместит убытки их старшего брата Ергобека. Они ждут, когда к ним придут оценщики. Вся семья пока находится в Аксукенте, где живёт их родственница.

«Вы же видите, здесь жить невозможно, – говорит Меиржан. – Всё сгорело дотла. Всё что было прибыльным бизнесом сейчас представляет собой просто земельный участок. Наверное, теперь придётся строиться с нуля».

### «ТОЛЬКО НЕДАВНО СДЕЛАЛИ ЕВРОРЕМОНТ»

Недалеко от участка бизнесмена дом Сайлаугуль Шылаубаевой. Во время трагедии болванка от снаряда пробила ворота дома её соседа напротив, прорыла борозду в асфальте, влетела в окно дома Сайлаугуль и разгромила внутри почти все комнаты, двигаясь на огромной скорости.

«Мы не знаем, что это был за снаряд, влетевший в наш дом. То ли мина, то ли ещё что-то. Но сегодня приезжали сапёры, вывезли остатки снарядов. Вот, буквально несколько часов назад они здесь были», - говорит Сайлаугуль Шылаубаева.

Рядом по двору ходит сын Сайлаугуль Муратхан, который, вздыхая, жалуется: «Только недавно сделали евроремонт, а тут такое произошло!»

По словам Сайлаугуль, многие люди не хотели возвращаться обратно, боясь, что в городе всё ещё не безопасно. По Арыси ходят слухи, что на военных складах до сих пор тлеют остатки боеприпасов.

Рядом с домом Сайлаугуль – городской ЦОН, изрядно пострадавший во время взрывов. По словам жителей, руководитель ЦОНа после эвакуации посетителей отключил электричество в здании и покинул помещение последним. Это помогло избежать пожара в ЦОНе, на который впоследствии упали два снаряда. У здания повреждена крыша и разбиты окна.

### ОПУСТЕВШАЯ БОЛЬНИЦА

Рядом с Центральной районной больницей находятся несколько средних школ, где местные власти основали пункты по раздаче гуманитарной помощи. По сообщению пресс-службы Туркестанской области, в Арысь поступило 510 тонн гуманитарной помощи. Среди жителей города распределено более 400 тонн продовольствия, бытовых предметов, средств личной гигиены, одежды и химии.

После того, как в сети появилась информация о якобы воровстве гуманитарного груза, на складах установили видеокамеры, которые работают в онлайн-режиме.

Сама больница почти безлюдна. В здании находятся лишь несколько медицинских работников. Заведующий отделением хирургии Талгат Тажиметов оказался одним из последних врачей, которые покинули больницу в дни взрывов. В его отделении на момент ЧП находились четыре человека, которые не могли передвигаться самостоятельно. Талгат Тажиметов говорит, что перенёс людей в свою личную машину



*В отделении хирургии центральной больницы Арыси*

и вывез в медпункт в соседнем ауле.

«Я не знаю, как мне удалось вместить в машину всех своих пациентов, но в той ситуации некогда было думать», - говорит Талгат Тажиметов.

Оставив своих пациентов в соседнем ауле, он вернулся в Арысь, где пробыл до шести вечера, пока не появились полиция и военные. С приходом полиции весь медицинский персонал покинул больницу. Территорию оцепили, чтобы предотвратить мародёрство. После взрывов в Арыси задержали четырёх человек, подозреваемых в разграблении магазина и жилых домов.

В больнице первыми ударными волнами выбило почти все окна и двери.

По словам заведующего отделением реанимации Аскарбека Абдрашева, врачи ничего не забирали с собой. Всё оборудование оставалось под охраной полиции.

### КАК ИДЁТ ВОССТАНОВЛЕНИЕ ГОРОДА

Пока идёт восстановление города, граждане Казахстана продолжают направлять пожертвования в помощь пострадавшим. Так, на счёт корпоративного фонда социального развития «Туркестан» от неравнодушных казахстанцев поступило более 1 миллиарда 200 миллионов тенге.

725 детей из Арыси отправили отдыхать в Жамбылскую область, город Нур-Султан и Боровое.

Аким Туркестанской области Умурзак Шукеев пообещал, что будет жить в Арыси пока в городе идут строительные работы.

«Я пробуду здесь один месяц и лично проконтролирую ход строительства. Если какой-либо из районов не сможет организовать работу, ответственные лица будут освобождены от занимаемых должностей. А если халатность проявят ответственные области, буду докладывать главе Правительства. Мы должны оперативно решать проблемы населения», – заявил аким.

Как сообщили в пресс-службе акимата Туркестанской области, в Арыси ведутся работы по проверке домов, расчётам проектной стоимости строительных работ. А в некоторых домах уже начали заменять окна. Работы по проверке домов, составлению актов близки к завершению. Определены подрядчики, сформированы строительные бригады.

Аким области Умирзак Шукеев сообщил, что фасады и кровля многоэтажных домов будут в едином стиле. По информации пресс-секретаря акимата Туркестанской области Балгын Ерболкызы, город уже полностью обеспечен водой и электричеством. Также происходит своевременное начисление адресной помощи.

Единственное отделение банка в Арыси функционирует в обычном режиме, населению начисляют заработные платы, адресную социальную помощь, пенсии и пособия. Заместитель акима Туркестанской области Жолдымурат Аманбаев сообщил, что 44 781 житель города получит по 100 тысяч тенге. Для этой цели необходимо 4 млрд 478 млн 100 тысяч тенге. Из них 1 млрд тенге выделят из областного бюджета.

По данным пресс-службы акимата Туркестанской области, в городе заработали торговые точки, рынки, а в магазинах приступили к реализации продуктов питания, предметов домашнего обихода, различных товаров. Открыт скотный рынок.

В настоящее время город Арысь разделён на 17 секторов. На ремонтных работах в этих секторах задействовано 170 специализированных бригад или 1194 строителя из 16 областей республики и города Нур-Султана. На сегодня проведена оценка жилых домов, в 435 домах начаты ремонтные работы.

Кроме того, государство оказывает поддержку пострадавшим предпринимателям, на объектах проводят ремонтные работы. Как сообщили в пресс-службе акимата Туркестанской области, большинство объектов будут отремонтированы в кратчайшие сроки.

**Данияр АЙСАРОВ**

# АБАҚТЫДА КІМДЕР АТЫЛЫП, КІМДЕР АЗАПТАЛДЫ ЕКЕН?

**Жаркент қаласында тарихи маңызы бар ғимараттардың бірі атақты Уәлибай салдырған мешітті көбіміз білеміз. Бұл мешіттен басқа қалада ескі ғимараттар да баршылық. Олардың қай жылы салынып, қандай қызмет атқарғаны тарих қойнауында жатыр. Соның бірі — патшалық Ресейдің ағаш бөренеден салдырған абақты үйі. Алайда, ол шын мәнінде абақты болған ба, жоқ басқа қызмет атқарған ба деген сұрақ туындайтыны анық. Бірақ ел есінде ол түрме болып қалған. Ғимарат жөнінде деректер де аз. Оның қай жылы салынғанын ешкім білмейді де. Бұдан екі жыл бұрын кездейсоқ абақты үйіне тап болғаным бар.**



Ағаш бөренелерден салынған ғимарат алғашында біткен қалған құрылыстай көрінді. Өйткені, кеңес үкіметі құлағаннан кейін талай құрылыс тоқтап, қаңтарылып тұрғанын көзіміз көрген. Соның бірі болар деп те топшыладым. Әсіресе, көзге ерекше көрінетін құрылыстың дәл ортасы еңселі екі қабатты болып салынса, оның төбесі ашық, көлденең тастаған бөренелі жуан белағаштарымен тұрғаны бір әсер қалдырды. Шатыры жоқ. Қабатта үңірейген үлкен үш терезесімен қалған. Олардың аралары бөренелер арқылы бөлініпті. Әдемі болып шабылған бөренелердің қалыңдықтары жиырма сантиметрдей, бәрі біркелкі төрт қырланып шабылыпты. Қиюласып бөлінген жерлері де бір сызықтың бойымен төменгі қабатқа бірдей түсіпті. Ғимаратқа таңданып тұрғанымда бізді қарсы алған қария: «бұл аты шулы абақты ғой», – деді. «Абақты, кейін түрмеге айналған» дегенде, есіме әкем марқұмның 1916 жылы Қарақара жайлауын болған албандардың ұлт-азаттық көтерілісінде елдің игі жақсыларын бастаған Ұзақ пен Жәменке, Тұрлықожа, Әубәкірлердің ақ патшаға қарсы шығып, «әскерге бала бермейміз, бала бергенше шал өлсін» деген қарсылығынан кейін оларды Қаракол мен Жаркенттің абақтысына апарып қырды. 1928 пен 1932 жылдардағы зобалаңда талай жазықсыз жандарды Жаркенттің абақтысында қамап, атқан» деген сөзі түсті. Тағы да ойыма күдік ұялады «Қай жылғы түрме?» дегенім де, қария: «заманнан келе жатқан абақты. Ел кейін түрме деп атап кеткен. Соның қалған қаңқасы» дегенді айтты. «1930-жылдары атамыз Ұзақ батырдың жеті баласының отбасымен Жаркенттің қызыл қоңыр абақтысына қамапты» деп айтқан Ұзақ батырдың шөбересі Жанәбіл ағаның айтқан әңгімесі де есіме түсті. Сол кісі айтқан түрме екені осы екеніне сонда көзім жетті. «Айыптары байдың, зомагердің тұқымдары деп, Ұзақтың балалары – Оман, Дәуленхан, Тәліпті әйелдерімен және де жақындарын Жаркентке қамаған» деген еді. Батырдың балаларын түрменің бастығы құтқарыпты. Ол Дәуленханды таныпты: «ел Қытайға қашып жатыр. Мұндағылардың бәрі өледі. Сенде өлесің. Қытайға қаш. Мен сендерге көмектесемін. Осы маңда диірмен бар. Сол жердің басына апарамын. Диірменнен азынаулақ азық алып, қашыңдар» деген. Соның көмегімен біздің әкелеріміз қашып, өздері отырған Мынжылқыға келген. Дәуленхан бастаған 28 жан шекарадан өткен. Бұл әңгімені мені тәрбиелеп өсірген Ұлбай шешем айтқан еді. Ол кісі атақты Жәменкенің Сүлеймен деген баласының қызы» еді. Қарасаздық ұстазым Жалғас Келдібекова апайда: «Менің естияр кезім. 1923 жылы дүниеге келгенмін. Құжатта 1924 жылы деп жазылған. 1930- жылдары елге ауыр тиді. Алғашында байларды тәркілеу басталып, кейін олардың малын тартып алды. Елде ашаршылық жайлап, қиналған жұрт Қытайға ауды. Оларды шекараға жеткізбей ұстап, Жаркенттің түрмесіне қамады. Іздеп барғандар қайтпады. Ағасын іздеген інісі мен туысы да сол жақта қалды. Жоғалғандарды іздеуге мұндағылардың шамасы болған жоқ. Ашаршылық кезі. Ол жылдарды қалай ұмытайын. Ел басына түскен тауқымет зұлмат болды. Кейін заманның тыныш кезінде Жаркенттегі түрмеде өлген әкелерімді іздеуге барғым келді. Бірақ ол кезде түрме болды ма, білмедім» деген. Осыдан кейін менің ойымда ол түрме бар ма, жоқ па деген сұрақ жүрген. Енді міне, оның барына көзім жетті. Ойда жоқта түрменің алдына тап болғаным. Аты шулы түрме оңтүстіктен солтүстікке қарай созылып, ағаш бөренеден салыныпты. Дәл ортасы екі қабат болып жасалыпты. Кірер жағы күншығысқа қараған.Түрменің ұзындығы шамамен 100 метрдей. Ортадағы екі қабатының өзгешелігі бір қабаттан сыртқа екі метрдей шығыңқы болып салынуында, әрі еңселі. Бірінші қабатында ғимаратқа кіретін есік және оның екі жағында екі терезесі бар. Олардың аралары өзара бөлінген. Бөлінген тұстарында бөренелердің бұрыштары шығып тұр. Ал екінші қабатта үлкен үш терезе үңірейіп, төбесі аңғал-саңғал күйде ашық. Төбесінде шатыры жоқ, көлденен жатқан белағаштарымен тұр. Терезелердің аралары да бөлінген. Бас аяғы бірдей жуан бөренелердің қиюласып жасаған жұмыс аса шеберлікпен істеліпті. Қиюласып өрілген бөренелердің түстері қоңырлау. Көрер көзге түрменің екі қабатты келбетімен ерекше көрінгенімен оған қанаттас жатқан екі жағындағы ұзын бөлігі қарапайым. Үлкен, кішілі терезелер арасы бөлінген. Бөліктері көрер көзге суық көрінді. Ғимараттың қатты тоналғаны және бар.

Бұл үйдің тарихы арыда. Салынғанына 120 жылдан әрі болуы керек. Бірде-бір шеге пайдаланбай салынған құрылыс. Қай жылы салынғанын ешкім дөп басып айта алмайды. Бұрынғы патшалық Ресейдің казактары Ұзынқара тауының теріскейіндегі Тянь-шань қарағайынан салғызған абақтысы дейді білетін жұрт. 1937 жылға дейін талай жазықсыз жандарды тұтқындап қамап, атыпты. Неше бір елім, жұртым дегендер осында отырған екен. Олардың ішінде жер аударғандар болған. Кейін абақты осындағы педучилищенің қыздар жатақханасы болған. Бұдан кейін балабақша да болыпты. Кеңес үкіметі тарағаннан кейін бос қалған түрмені әркім ағашы үшін тонап, осындай жағдайға жеткізген. Түрменің жасалу жағында еш мін жоқ. Ағаш тілін білетін шеберлердің қолынан шыққан. 90-жылдары жоғары жақтан пәрмен келіп, «тарихи маңызы бар ғимарат» деп, бұзуды тоқтаты. Содан бері суық қолдыларда тиылды.Ертеректе түрменің екі бұрышында қарауыл мұнарасы да болған екен. Біз отырған үйде түрме қызметкерлері тұрыпты. Үш бөлмелі. Үйдің алдында қақпа мен сырттан келетіндерден сәлем – сауқатын қабылдайтын орын және монша болған. Одан кейінгісі түрме. Есігі осы жақтан. Екінші есік түрменің дәліз арқылы сыртқа шығады. Оған қарсы тамақ жасайтын асхана бар. Әкемнің әкесі Бәубек Жаркент өңіріне танымал болыс болған екен. 1930 жылдары ұсталып,осы түрмеге отырыпты. Кейін Қарағандыға айдалып, сол жақта өлді деген хабар келген. Атамыз үш әйел алыпты. Талай дау-дамайға төрелік айтыпты. Бір жылдары атамыз бес жыл шешілмеген келген қыз дауын шешіп беріпті. Дау шешілгеннен кейін атамызға 12 қыз берген. Ол 12 қызды ауылға әкеліп, Мамай деген атаның ұрпақтарына таратқан. Ол атаның жағыз ұлын да үйлендіріпті деген әңгіме айтылады. Әсілі жақсылық ешқашан да ұмытылмайды. Сол Бәубектің Сәдуақасының баласы менмін. Үлкенатамыз 80-ге келіп қайтыс болса, әкем 94-ке келіп өмірден озды. Ел ішіндегі неше бір жақсыларды жазықсыз осында қамап, атқан деген әңгімені әке-шешелеріміз жиі айтып отыратын. Түрме ақ патша мен кеңес заманына қалған. Кеңес заманында түрме тұрған көше Қызыл әскер деп аталған еді. Кейін Желтоқсан көтерілісінің батырының бірі Ербол Сыпатаевтың есімін берді, – деді Әбдібек Сәдуақасұлы.

Әңгімемізге Бейсен Қабылбеков ақсақалда араласты. «Түрменің батыс жағында ол жылдары үлкен жар болған екен. Жар Үсек өзенімен жалғасып жатыпты. Жарға абақтыда отырғандарды апарып атқан. Өлгендері жардың топырағымен беттерін жасырған. Қазір ол жаққа құрылыс түстіп кетті. Қазылған жердің бәрінен адамдардың сүйегі шығып жатқанын ел көрген. Үсек өзенде су диірмен де болған. Ол да орыстардыкі еді», – деді қария.

Мен екі қарияның әңгімесінен кейін түрменің ішіне кірдім. Ұзын дәліздің екі жағы бөренелі бөлмелермен бөлініпті. Едендері қопарылып, қабырғалары сөгілген дәліздің екі жағында алты-жеті терезенің орны тұр. Үңірейген терезе, бұзылған қабырға, қопарылып алынған еденді көзіміз көргенде ғимарат қатты тоналғанын байқадым. Қабырғаларға жіңішке дірәңкілер қағылып сылаған екен. Оның орны қалыпты. Лай батпақтың бірі жоқ. Бөлінген бөлмелерден бөренелердің үңірейген тесіктерінің орындары тұр. Дәліздің төбелері де ашық. Ұзын дәліз солтүстік жақтағы есікпен жалғасыпты. Ол сырттағы шайхана мен тамақ жасайтын шағын кірпіш үймен байланыстаратын тәрізді. Асхананың да терезе, есіктері ашық-шашық. Түрменің батыс жағындағы екінші қабат түрменің шығыс келбетімен мүлде ұқсамайды. Мұнда алты кішкене терезе төбеге жақын қойылыпты. Екі терезе арқылы бөлінген. Ал бірінші қабатта үлкен үш терезе қалдырған. Түрменің бұл жағы да екі жағындағы бөліктен сыртқа шығыңқы болып жасалып көтерілген. Түрме мен қоршалған кірпіш қоршаудың ортасында шағын футбол алаңына үлкендеу бос жер жатыр. Түрме қоршауынан кейін ел айтқан Үсек өзені бұл жерден алыс емес сияқты. Қазір ол жаққа құрылыс түсіп кеткен.

Заманнан бері келе жатқан түрме мен оның қызметкерлері тұрған үйі ғана ағаш бөренеден салынған болса, монша мен асхана және қоршалған қоршауы кірпіштен қаланған. Ежелгі Жібек жолы бойында орналасқан Жаркент ертеректе сауда жұмыс байланыстырған орынның бірі болғаны анық. Патшалық Ресей Жетісуды жаулап алғаннан кейін,1882 жылы Жаркенттің іргетасы қалап, өздерінің үстемдіктерін жүргізе бастағаны белгілі. 1892 жылы Жаркент уезі құрылып, орталығы Жаркент қаласы болыпты. 1891 жылдың 25 қаңтарында патшалық Ресейдің Түркістан бөліміне Жаркент-Қорғас кедендік бекеті «Қорғас бекеті» болып құрылды деген дерек бар. Бір деректе Жаркент мешіті 1892-1895 жылдары салынды десе, енді бір деректе мешіт 1887 жылы басталып, 1892 жылы салынып біткені жазылған. Демек, бұл түрме мешіттен бұрын салынған. Себебі, Жаркенттің уез болып құрылған дейін мұнда казактар отрядтарының казармасы болыпты. Жаркент он жылда көркейіп, сауда орталығына айналған. Ал ғимараттың қай жылдан түрме болғаны белгісіз. Тек 1916 жылы түрме болғаны анық. Одан кейін кеңес үкіметі орнағанда да түрме өз қызметін жалғастырған. Оған жоғарғыдағы мысалдар дәлел.

Түрменің не себептен бұзылмай қалғанына келетін болсақ, оның тарихи маңызы бар ғимарат болуында. Және де Жаркент өңірінде шегесіз ағаш бөренеден салынған бірден-бір ғимарат. Сонымен қатар, еліміздегі белгілі талай тұлғалар қамалып, жазаланып, атылған жері деп те айтылады. Мұны қаланың байырғы тұрғындары айтады. Бұл жөнінде 1990-жылдардан кейін құқық саласында қызмет істеген Есенғазы Байжұмаев та растайды. «Кеңес үкіметі құлағанан кейін бос тұрған ғимарат талан-таражға түскенін көрдім. Тарихта маңызы бар ғимаратты қалай да сақтап қалу үшін ауданға және облыс басшыларына хабарлап, тоқтатуды талап еттім. Менің пікірімді көпшілік қолдады. Содан кейін, түрме бұзылмай қалды. Сонымен қатар, түрме бұзыла бастағаннан кейін тылсымның сыртқы күштерінің әсері де болыпты. Ол туралы неше бір әңгімелер ел ауызында айтылып жүр. Осы күштің де әсері де түрменің бұзылмай қалуына себеп болды деп ойлаймын» деуі де шындыққа жанасатын сияқты.

Міне, Жаркент түрмесі туралы әңгіме осы. Өткен замандардан қалған 130 жылдай тарихы бар ғимараттың жұмбақ әлемі көп сырды жасырып жатыр. Мұнда кімдер атылып, кімдер азапталғаны да белгісіз. Ол мұрағаттарда сақталуы мүмкін.

**Жексен АЛПАРТЕГІ**



Дайындаған: Қажымұқан ҒАБДОЛЛА

## ӘЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС

Қазіргі «мен – мұсылманмын» дегендердің өзі беске бөлінеді:
1. Бес уақыт
2. Жұмадан жұмаға
3. Оразадан оразаға
4. «Айттық сенен!»
5. «Менің жүрегім таза!»

***

Егер сен айтқандарыңның бұрыстығын түсініп, үндемей отырсаң – Данышпан адамсың. Егер айтқандарың дұрыс екенін білсең де, бәрібір үндемей отырсаң – үйленген ғаріпсің.

***

Дәрігер науқасқа:
– Менде сізге айтар екі хабар бар, біреуі жақсы, ал екіншісі жаман. Қайсысынан бастайын?
– Жаманын айтыңызшы бірінші!
– Біз қателесіп сау аяғыңызды кесіп тастаппыз.
– Қалай?! Ал, жақсысы?
– Ауру аяғыңызды емдеуге болады екен.

***

Бір күні Шымкентте бір бала дүниеге сөйлеп келіпті. Туған соң, бірден былай деп сөйлепті:
– 2019 жылы – өзбектер мен қазақтар соғысады.
Елдің бәрі шошып, сенсация болып жатқанда, бір аптадан соң Орал қаласында басқа тағы бір бала дүниеге сөйлеп келіпті. Ол туа салып, жан-жақтарына қарап:
– Ей, қалайсыңдар, қыздар? Неге үрпиіп тұрсыңдар? – депті.
Дәрігерлер жалма-жан:
– Жақында Шымкенттегі сөйлеп туған бала «2019 жылы өзбектер мен қазақтар соғысады» деп еді. Сол рас па? Айтыңызшы... – депті, сонда әлгі бала:
– Шымкентский бала көп қырта бермесін! Қазақтарға қарсы ешкім тұра алмайды! – деген екен.

***

– Папа, сен қызыңның біреудің туған күніне барып келгенде бірден: «Тағы ішіп алғансың ба?!» – дейтінің қалай? Қазір де сөйтіп жатырсың...
– Қызым-ау, мен папаң емеспін, жақсылап қарашы, мамаңмын – шешеңмін...

***

Полиция бөліміне бір әйел жылап келді:
– Менің күйеуім жоғалып кетті. Бір аптадан бері. Табуға көмектесіңіздер!
– Бір аптадан бері жоқ болса, неге бүгін ғана келіп тұрсыз?
– Бүгін – күйеуім айлық алатын күн.

**

Тек қазақтар ғана «досым түгілі дұшпаныма тілемеймін» деп реті келгенде жауларының қамын ойлағыш боп қалады.

№26-67 санда шыққан сөзжұмбақтың жауабы



# АҚШ территориясынан динозаврдың жаңа түрі табылды

**Америкалық ғалымдар осыдан 80 миллион жыл бұрын өмір сүрген динозаврлардың жаңа түрін тапты. АҚШ-тың қазір Биг-Бенд Ұлттық саябағы орналасқан аумағында тіршілік еткен динозавр мұрны мен иегінің құрылымымен ерекшеленеді. Оның иегі кәдімгі үйрекке ұқсайды.**

Бұл динозаврдың қалдықтарын алғаш 1980 жылдары Техас университетінің профессоры Том Леман бастаған зерттеушілер тобы тапқан. Алайда ол кезде мамандар сүйектердің нақты қай динозаврға тиесілі екенін анықтай алмаған.

Динозаврдың бұрын-соңды кездеспеген бұл түрі мұрнының құсқа ұқсас болуына байланысты Aquilarhinus palimentus деген атау алды. Сарапшылар динозаврдың мұрнында бүркіттің тұмсығына ұқсас берік, ал төменгі иегі W әрпі пішініне сай келетінін анықтаған. Aquilarhinus palimentus динозаврлары бастапқы кезде АҚШ-тың оңтүстік-шығысында мекендеген.



Өткен жылы археологтар Қытайдың Шандунь провинциясында шамамен 120 миллион жыл бұрын жасаған 7 түрлі динозаврдың 300-ге тарта ізін тапты. Линь университеті маңындағы геология және палеонтология институты директоры Ван Сиолиннің хабарлауынша, осы уақытқа дейін динозавр қалдықтары кездесіп көрмеген Шандуньда олардың іздерінің табылуы ғалымдарды таңғалдырған.

Археологтар табылған іздерге қарап динозаврлар туралы кейбір мәліметтердің жаңсақтығына көз жеткізіп отыр. Себебі табылған іздердің негізгісі дейнонихерге тиесілі (осыдан 121-98 миллион жыл бұрын жасаған кесірткіге ұқсайтын бойы 3,3-5 метр, салмағы 70 келі болатын жыртқыш диназаврлар түріне жатады). Ал ғалымдар оларды жеке-дара өмір сүрген деп келген еді. Бірақ тастағы таңбалар дейнонихтердің топтасып өмір сүргенін дәлелдейді.

massaget.kz

# «СӘЛЕМ, ҚАЗАҚСТАН!»

## гид-бояғыштар кітабы жарық көрді

**«Меломан» кітап дүкендері желісінде «ABAYbooks» баспа үйінің алғашқы өнімі «Сәлем Қазақстан!» бояғыш кітаптарының тұсаукесері өтті. Кітапшаны балалар жазушысы мен психологы Джан Амании, иллюстратор София Филатова және жоба жетекшілері таныстырды.**
**Бояғыш кітаптың мақсаты-балалардың сәулет, мүсін, өнер және оның түрлері мен қызметтері туралы түсініктерін кеңейту. Сондай-ақ, балаларды өз Отанының қалаларының көрікті жерлері туралы иллюстрациялар бойынша тануға үйрету.**




«Сәлем Қазақстан!» бояғыш кітаптарының артықшылықтары мен ерекшеліктері туралы жоба жетекшісі әрі редакторы Кәмшат Алибекова айтып өтті:

–Алдымен біздің бояғыштарымыздың басқа бояғыштардан қандай айырмашылықтары бар екенін айтқым келеді. Біріншіден, кітап дүкендерінде жануарлар мен өсімдіктер, ертегі кейіпкерлері мен көліктер бояғыштары өте көп болғандықтан, Қазақстанда алғаш болып қалалардың көрікті жерлеріне арналған бояғыштарды біз жасап шығардық. Әр қаланың өз танымал жерлері бар. Әрбір көрікті орынның қысқаша мазмұны мен қызықты фактілері айтылған. Мұқабасындағы кейіпкерлер де кішкентай балалардың назарына түсетіні анық. Сонымен бірге, бұл бояғыштар кішкентай туристерге гид-көмекші қызметін де атқарады. Мәселен, бір қалаға саяхат жасауды ұйғарсаңыз, кітапшаларға қарай отырып, ол қаланың қай жерлеріне баруға болады, тарихи ескерткіштер, мұражайлар мен театрлар, мешіттердің қай жылы, кімнің бастамасымен салынғанын білуге болады.

Бояғыш иллюстрацияларының 18 түрі мемлекеттік тілде ұсынылған. Кітап алты жастан асқан балаларға арналған. Отандық серияның ерекшелігі – ол бірыңғай қазақ тілінде шығарылады. Бұл – мемлекеттік тілдегі қалалардың көрікті жерлері туралы Қазақстандағы алғашқы бояғыш кітаптар топтамасы.

«Бояғыш кітаптар кішкентай балаларды тыныштық сақтап, босаңсуға шақырады. Шаршаңқы күннен кейін балаға демалу қажет. Бояғыштар арқылы олар түс таңдауды, пішіндерді есте сақтауды, кейіпкерлерді қалай бояу керектігін үйренеді. Әр композицияны бояй отырып, назар салу қабілетін арттырады. Сурет салу баланың шығармашылығын дамытады, қиялындағы бейнені қағаз бетіне түсіріп, түрлі оқиғаларды ойлап табады. Аталған бояғыштарды жасап шығармас алдын, біз дизайнер-иллюстраторларды аса мұқияттылықпен таңдадық», – дейді «ABAYbooks» баспа үйінің директоры Майра Әлжанова.

«Сәлем Қазақстан!» бояғыш кітаптары – «ABAYbooks» баспа үйінің алғашқы өнімдерінің бірі. Жоба 5 айға жуық дайындалды. Әр бояғыш пен иллюстрацияларды салуға кәсіби дизайнерлер атсалысып, сапалы туындылар жасады.

«Бастапқыда қиын болғаны рас. Маған екі нәрсеге көңіл бөлу керек болды: балалардың қабылдауы және біздің күрделі архитектуралар, ғимараттардың ауқымдылығы, стилі мен идеясы. Балалар иллюстрацияларының мәнін жоғалтып алмай, ғимараттардың өзіндік қасиеттерін сақтай отырып, қаншалықты түрлендіруге болатынын ұғындырып, осы екі нәрсені біріктіру керек деген тапсырма тұрды. Балаларға қызықты әрі бояу қиынға соқпайтындай ғимараттың даралығын көрсету керек еді. Суреттердегі әрбір бөлшек көпшілік пікірінен өтті, яғни, оның керегі бар ма әлде жоқ па дегендей. Сондай-ақ, флора мен фауна үлгілерін де қосып, ғимараттарды түрлендіру керек болды», – деп бөлісті дизайнер-иллюстратор София Филатова.

Жазушы-психолог, «Алуан түрлі балықтар және Дария» атты танымал балалар кітабының авторы Джан Аманиидың айтуынша, ата-аналарға балаларына бояу кезінде мүмкіндігінше көмек көрсету керек.

«Бояғыштарды қолға алған сәттен, оларға деген үлкен қызығушылық пайда болды. Мен өзім жазушы болғандықтан, бұның артында қандай еңбек жатқанын жақсы білемін. Расында да, бояғыш кітаптар балалар шығармашылығын дамытады. Ата-аналарға аз ғана уақытын бөліп, балаларымен бірге бояғыштарды бірге бояған абзал. Бұл балаға қызықты және танымды болады. Егер де ол басқа елге баратын болса, онда өз елінің қайталанбас әрі таңғажайып орындары туралы мақтанышпен айтып жүреді», – деп Джан Амании өз пікірін білдірді.

Тұсауксер соңында викториналық сұрақтар қойылып, аудиториямен ойын ұйымдастырылды. Бояғыш кітаптарға байланысты, әр қаланың көрікті жерлері туралы берілген сұрақтарға дұрыс жауап тапқандар сыйлықтармен марапатталды.

«Сәлем, Қазақстан!» бояғыш кітаптарын «Меломан», «Алматыкітап», «Қазына» т.б. кітап дүкендерінен алуға болады.

Қыркүйек айында «ABAYbooks» баспа үйі Қазақстанда алғаш болып бәріне танымал және сүйікті «Disney» ертегілерінің қазақ тіліндегі топтамасын ұсынатын болады.

**Кәмшат ӘЛІБЕКОВА**

# ӘДІЛХАННЫҢ ӘНІ ӘЛЕМДІ ТАМСАНДЫРДЫ

**Қазақстан өнерінің абыройы тағы бір мәрте асқақтап, «Славян базары – 2019» халықаралық фестивалінде мемлекетіміздің намысын қорғаған Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы «Эстрада өнері» факультетінің 4-курс студенті Әділхан Макин Гран-приге ие болды.**



Осыдан дәл төрт жыл бұрын «Славян базары – 2015» халықаралық фестивалінде Димаш Құдайберген тұңғыш рет Гран-приді жеңіп алып, ал 2017 жылы Ернар Садырбай І-ші жүлдеге ие болған еді. «Витебскіде Димаш Құдайберген бағындырған биік биыл Әділхан Макиннің жеңісімен жаңғырды», – дейді өнер академиясының ректоры Асхат Маемиров. Әділхан өзінің керемет дауысымен қазылар алқасы мен алты мыңнан астам көрерменнің, оның сыртында тікелей эфирді тамашалаған миллиондаған фестиваль жанкүйерлерінің таңдайын қақтырды. Сенім артқан жас әншіміз үміткерлердің көшін бастап, қорытындысында 178 ұпай жинап, қатарластарынан оқ бойы озып, суырылып алға шықты. Әділхан Гран-примен бірге Беларусь президентінің арнайы сыйлығын да ұтып алды. Жас таланттың жеңісіне тілектес болған бүкіл қазақстандық өнерсүйер қауым оның болашағынан үлкен үміт күтеді.

■ DÚNIE-KERÝEN

# ӘДІЛДІКТЕН ТАНБАҒАН ТАРЛАН ЕДІ...



Өмірден Телғозы Еребаев ағамыз да өтіпті. Арыста бокс мектебін ашып, жастарды спортқа баулып, патриоттық пен отаншылдыққа тәрбиелеген, ел ағасы бола білген ер ағамыз еді. Халықтың мүддесін қорғауда әділдігінен танбаған тарлан еді. Ағайынға ғана емес, аймаққа ардақты азамат ағамызбен талай сұқбаттасқан кездеріміз болып еді.

Үлкенге ізетті, ініге ілтипатты еді. Жаны жайсаң, жақсы адам еді... Парламенттік сайлаулар кезінде де Алашқа Ақ жол тілеп, елді соңынан ерте білген ер еді. Ағамыздың алды пейіш, арты кеніш болғай! Артындағы ұрпақтарына құдай ұзақ ғұмыр бергей. Отбасы мен туған-туыстарына көңіл айтамыз. Иманы салауат болсын!

**Қазыбек ИСА,**
**ақын, «Ақ жол» партиясы төрағасы орынбасары, «Қазақ үні» газеті президенті**


**ҚАЗАҚТЫҢ МҰҢЫ МЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ЖЫРЫ – «ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!**

**ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380**

***«Қазпошта» арқылы жазылу бағасы:***

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 ай | қала | 379,24 | 3 ай | қала | 1137,72 | 6 ай | қала | 2275,44 | 12 ай | қала | 4550,88 |
| 1 ай | ауыл/аудан | 397,86 | 3 ай | ауыл/аудан | 1193,58 | 6 ай | ауыл/аудан | 2387,16 | 12 ай | ауыл/аудан | 4774,32 |



**Меншік иесі:**
**«Қазақ үні» ЖШС**
**ҚАЗАҚ ҮНІ**
**Президент –**
**Редакторлар кеңесінің төрағасы –**
**Қазыбек ИСА**

**Бас редактор – Құлтөлеу МҰҚАШ**
**Бас редактордың бірінші орынбасары –**
**Зейнолла АБАЖАН**
**Бас редактордың орынбасары –**
**Азамат ТАСҚАРАУЛЫ**
**Жауапты хатшы – Гүлмира САДЫҚ**
**Бөлім редакторлары:**
Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)
Айнұр АХМЕТ (мәдениет)
Нұржан АСАН (көркемдеуші)
**АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:**
**Астана тілшілер қосыны:**
Азамат ТАСҚАРАУЛЫ
(8-702-931-89-86)
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)
**Ақмола облысы:**
Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)
**Арқалық қаласы:**
Нұрсұлтан НҰРМАН
(8-702-688-84-87)
**Алматы облысы:**
Айтақын БҰЛҒАҚ (8-702-239-62-99)
Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)
Мырзағали НҰРСЕЙІТ (8-701-771-6496)
Қанат БІРЖАНСАЛ (8-775-323-0850)
**Батыс Қазақстан облысы:**
Қажымұқан ҒАБДОЛЛА
(8-701-111-61-05)
**Жезқазған қаласы:**
Жанат АСАНҚАЛИ
(8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)
**Сәтбаев қаласы:**
Абдолла ДАСТАН
(8-(71063) 7-20-97, 8-777-302-46-79)
**Қарағанды облысы:**
Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)
**Қостанай облысы:**
Төлен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)
**Семей қаласы:**
Рахат АЛТАЙ
(8-775-998-15-39)
**Маңғыстау облысы:**
Сағындық РЗАХМЕТ (8-775-379-84-88)
**Түркістан облысы:**
Әбдіғаппар АЙДАР
(8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)
Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)
**Түркістан қаласы:**
Әтіргүл ТӘШІМ (8-702-489-47-23)

**Атқарушы директор –**
**Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН**

**Тарату бөлімі:**

**Астанада:**
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)
**Шымкентте:**
Мүтән ИСМАЙЫЛ (8-701-692-1340),

**Астанада «Алты Алаш»** (87015728847) дүңгіршіктерінде сатылады

**Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 19. 12. 2012 жылы тіркелген. Куәлік №13976-Г (Алғашқы куәлік №1270-Г, 01. 08. 2000 жыл).**

Автордың пікірі мен редакция көзқарасы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз.
Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы шарт.
Газетте «Қазақпараттың» материалдары пайдаланылды.

Газет «Қазақ үні» компьютер орталығында беттелді

**АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 400**

**ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380**

**Редакцияның мекен-жайы:**
050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 үй

**Байланыс телефоны:**
8 (727) 398-57-31

**E-mail: qazaquni2000@gmail. com**
**www. qazaquni. kz**

**Кезекші редактор –**
**Зейнолла АБАЖАН**

ТОО «Қазақ үні»

БИН 000540006784
ИИК KZ508560000000385541
АГФ АО «БанкЦентрКредит»
г. Алматы, БИК KCJBKZKX, Кбе 17
Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында басылды. Алматы қ. , С. Мұқанов к. , 223 б.
Көлемі: 6 баспа табақ

Ⓐ – материалдың жариялану ақысы төленген